



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

6В02336 – «Филология», 7М02336 – «Филология» білім беру
бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы
жұмысының нәтижелері туралы

25-27 мамыр 2020 ж.

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

Жіберілген
АРТА Аккредитациялық
кеңесіне



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

ИУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
6В02336 – «Филология», 7М02336 – «Филология» білім беру бағдарламаларын
мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін
бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы
ЕСЕБІ**

25-27 мамыр 2020 ж.

Қызылорда қаласы

«27» мамыр 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ.....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ	5
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	6
(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	6
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....	7
6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты	7
6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты.....	10
6.3. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты.....	13
6.4. «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты.....	17
6.5. «Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты.....	19
6.6. «Білім алушылар» стандарты.....	23
6.7. «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты.....	28
6.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты.....	31
6.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты.....	34
6.10. «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі» стандарты.....	36
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ	39
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	41



(I) ТҮСІНІКТЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АРТА - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» Шаруашылық жүргізуге құқылы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ББ – білім бағдарламасы
БП – базалық пәндер
ОЖСБ – оқу жетістіктерін сыртқы бағалау
МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
АТ – ақпараттық технологиялар
ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ҚАКАЖ – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана ақпараттық жүйесі
ОКТ – оқытудың кредиттік технологиясы
ЭПК – элективті пәндер каталогы
МББ – модульдік білім беру бағдарламалары
МТБ – материалды-техникалық база
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
СҒЗЖ – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары
ҒӘК – ғылыми-әдістемелік кеңес
ЖБП – жалпы білім беретін пәндер
ББ – білім беру бағдарламасы
ПОҚ – профессор-оқытушылық құрам
ҚР – Қазақстан Республикасы
РОӘС – республикалық оқу-әдістемелік семинар
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
СӨЖ – студенттің өздік жұмыс
ССК – сыртқы сараптау комиссиясы
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ОТҚ – оқытудың техникалық құралдары
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ОЗҒ – оқу-зертханалық ғимарат
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
ГРА – білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа бағасы

(II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 24.04.2020 № 34-20-ОД бұйрығына сәйкес 2020 ж. 25-27 мамыр аралығында сыртқы сараптау комиссиясы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 6В02336 – «Филология», 7М02336 – «Филологи» білім беру бағдарламаларының сәйкестігін бағалады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қызметінің АРТА критерийлеріне мамандандырылған аккредиттеу аясындағы сәйкестігін бағалау, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

ССК құрамы:

Төраға – Косов Владимир Николаевич, ф-м. ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

Ұлттық сарапшы – Ермекова Тыныштық Нұрдаулетқызы, филол.ғ.д., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

Ұлттық сарапшы – Саханова Ардақ Наурызбайқызы, э.ғ.д., Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

Ұлттық сарапшы – Мурзалина Гүлшат Бұхарбайқызы, т.ғ.к., Халықаралық білім беру корпорациясының доценті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

Жұмыс беруші – Мамен Балдырған Нұртуғанқызы, Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы).

Студент – Серікқызы Аружан, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты 4-курс білім алушысы, Қызылорда облысы бойынша Қазақстан Студенттер альянсының мүшесі (Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы).

АРТА/IAAR бақылаушысы – Ниязова Гулияш Балкенқызы, жоғары оқу орындарына институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі (Нұрсұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізуге құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты базасында құрылған. 1937 жылы - Қызылорда педагогикалық институты Қиыр Шығыстағы Корей педагогикалық институты негізінде ашылған. 1952 жылы Қызылорда педагогикалық институтына Н.В.Гоголь аты берілген; 1992 жылы – Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына ұлы дала философы Қорқыт Ата есімі беріледі; 1996 жылы – Қорқыт Ата атындағы педагогикалық институт Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылып, 1998 жылы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтын біріктіру нәтижесінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті құрылған. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы № 256 Қаулысы).

Қорқыт ата атындағы ҚМУ өз қызметін ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарының негізінде «Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», ҚР білім, ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін реттейтін ҚР Білім және ғылым министрлігінің басқа да құқықтық-нормативтік құжаттары мен Университет Жарғысын, Академиялық саясатын (2016 жыл, 29 тамыз), Қорқыт Ата атындағы ҚМУ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын (Байқау кеңесінің 11.09.2017 мәжілісінде бекітілген) басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Университет миссиясы: Қызылорда өңірі мен Қазақстанның барлық экономикасы салаларының; мұнай-газ, құрылыс және аграрлық секторлары, ІТ-технологиялар, білім, ғылым және мәдениет, кәсіпкерліктің индустриалды-инновациялық даму мәселелерін шешуге бағдарланған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ету .

Стратегиялық мақсаты: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті әлемдік рейтингке кіретін, ұлттық рейтингте жоғары көрсеткішті иеленген инновациялық-кәсіпкерлік жоғары оқу орны.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Шығыс Европа мен Орталық Азия мемлекеттері университеттері бойынша халықаралық рейтингісінің ТОП 300 үздік университеттері қатарынан орын алады.

Аккредиттеу мен рейтингілеудің тәуелсіз агенттігі (НААР) жүргізген ҚР-2019 сұранысқа сәйкес ЖОО ұлттық рейтингісінің нәтижесі бойынша университет 9 орында.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде көпсалалы ЖОО арасында соңғы үш жылда 9 - орынды иеленіп келеді.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Қадағалау комитеті 2012 жылы 11 желтоқсанда берген №12019394 лицензиясы негізінде жүргізеді. 5 институттың құрамында 30 кафедра бакалавриаттың 80 мамандығы, магистратураның 32 мамандығы, PhD докторантураның 12 мамандығы бойынша мамандар даярлайды.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ жоғары оқу орындарының Еуропалық Қауымдастығының (2005 ж.), Еуразия-Тынықмұхит университеттер желісінің (2005 ж.), университеттердің Ұлы хартиясының (2005 ж.), университеттердің Еуразиялық Қауымдастығының (2011 ж.), сондай-ақ Азиялық университеттер қауымдастығының

(2017 ж.), Оңтүстік-Шығыс Европа және Қара теңіз аймағының экономикалық университеттерінің Ассоциациясы (2019 ж) мүшесі.

Университеттің әлемдік білім стандарттары талабына сай жабдықталған материалдық-техникалық базасы: ғылыми-зерттеу және оқу зертханаларымен жабдықталған 10 оқу ғимараты, 5 жатақхана, студенттік кафе-асханалар, ғылыми-техникалық кітапхана (2 млн. астам кітап қоры, 7 оқу залы, оның ішінде 2 электронды залы бар), ғаламторға қосылған бірегей желіге біріккен компьютерлік сыныптар, Студенттер сарайы, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, 7 спорт залы, 3 жазғы спорт алаңы, инженерлік бейіндегі зертхана, мұражайлар, әскери кафедрасының оқу-жаттығу полигоны бар.

Университетте «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналы мен көптиражды «Сыр түлегі» газеті бар.

Университеттің басты құндылығы ғылыми-педагогикалық біліктілік деңгейі жоғары оқытушы-профессор құрамы болса, қазіргі таңда білім алушыларға 18 ғылым докторы, 26 PhD докторы, 195 ғылым кандидаты, 178 ғылым магистрі дәріс береді.

6B02336-филология (5B020500 – филология) білім беру бағдарламасы білім беруді ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы АБ 12019394 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

7M02336-филология (6M020500-филология) мамандығы 2010 жылдың 3 ақпанында берген № АБ 0137434 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. (№12019394 лицензиясы *Қосымша 3*)

ББ жүзеге асыруда кафедрада 22,5 штаттық бірлікті құрайды. Кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесі мен атағы барлардың үлесі -82,1%. Кафедрада 3 ғылым докторы, 1PhD доктор, 19 ғылым кандидаты, 5 ғылым магистрі еңбек етеді. ББ қызмет ететін ПОҚ-тың ғылыми дәрежесі мамандық ерекшелігіне сай қамтамасыз етілген. 6B02336-филология мамандығы бойынша соңғы 5 жылда студенттер контингентінің өсуі байқалады (2015-2016 оқу жылында 11 студент, 2016-2017 оқу жылында 17 студент, 2017-2018 оқу жылында 14 студент, 2018-2019 оқу жылында 27 студент, 2019-2020 оқу жылында 11 студент). Яғни, күндізге бөлімге студент қабылдау 40% артқан.

7M02336-филология мамандығына 2015-2016 оқу жылына 1 магистрант, 2016-2017 оқу жылына 2 магистрант, 2017-2018 оқу жылына 3 магистрант, 2018-2019 оқу жылына 7 магистрант қабылданған. Түлектер 100 пайыз жұмысқа орналасқан. Бітіруші кафедрада ҚР БҒМ ҒК қаржыландыратын 3 іргелі жоба бар.и

(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

6B02336 – «Филология», 7M02336 – «Филология» білім беру бағдарламалары Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінен бірінші рет сараптамадан өтті.

(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сыртқы сараптау комиссиясының университетінің сарапшылар комиссиясының 2020 жылғы 25-27 мамыр аралығында арнайы аккредиттеу бойынша бекітілген және алдын ала келісілген Қорқыт ата атындағы ҚМУ-ға сапар бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 25.05.2020 ж. белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

Университет қызметін бағалау бойынша объективті ақпарат алу мақсатында ССК мүшелері түрлі университеттің материалдық-техникалық базасын көзбен шолып қарау, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлермен, оқытушылар, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен бақылау, сұхбат жүргізу, профессор-оқытушылар құрамына, студенттерге сауалнама жүргізу сияқты әдістерді пайдаланды.

НААР ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер:

Стандарт талаптарына сәйкес сапардың бағдарламасы проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, декандармен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен және әр түрлі бөлімшелердегі қызметкерлермен кездесулер, оқытушылар мен білім алушыларға сұхбат жүргізу және сауалнама жүргізуді қамтыды. Кездесулерге барлығы 133 адам қатысты (1-кесте).

Құатысушылар категориясы	саны
Ректор	1
Проректор	4
Құрылымдық бөлімше басшылары	24
Институт директорлары	4
ББ жетекшілері	3
Оқытушылар	31
Білім алушылар	30
Түлектер	22
Жұмыс берушілер	14
Барлығы	133

ССК Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты Тілдерді оқыту орталығы, «Абзал и Компания» практика базаларына барды.

ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жай-күйімен танысып, аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыратын факультеттер мен кафедраларға, атаулы кабинеттер мен Ақпараттық модельдеу технологиялары зертханаларына, «Сейхун» Спорттық-сауықтыру кешеніне, агробиостанцияға барып, жұмыстарымен танысты.

Аккредиттеу рәсіміне сәйкес 26 оқытушы, 13 білім алушы, оның ішінде бакалавриат және магистратура білім алушылары арасында сауалнама жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау бойынша есепте ұсынылған ақпаратты растау мақсатында сыртқы сарапшылар Университеттің жұмыс құжаттамасын сұратып, талдау жасады.

ҚМУ ұжымы тарапынан ССК үшін барлық жағдай жасалған, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қол жеткізу ұйымдастырылған. Университет сапар бағдарламасында көрсетілген іс-шаралардың белгіленген уақыт шеңберінде орындалуын қамтамасыз етті.

Жоспарланған бағдарлама аясында ССК әзірлеген ҚМУ-дағы аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар 27.05.2020 ж. университет басшылығымен өткен кездесуде ұсынылды.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

6В02336-филология, 7М02336-филология білім беру бағдарламалары ҚР БҒМ БҒСБК берген білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияның қосымшасына сәйкес іске асырылады. Университеттің білім беру қызметі Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы білім беру қызметін жүргізу үшін 2010 жылдың 2 ақпанында берген лицензиясы (сериясы АБ №0137434), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2007 жылы қабылдаған «Білім туралы» Заңына негізделген университет Жарғысы негіздерінде жүргізіледі.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың оқу-әдістемелік қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру Ережелері негізінде іске асырылады.

Оқу үдерісі университеттің 2016 жылы 29 тамызда қабылдаған «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Академиялық саясат» туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады (www.korkyt.kz).

6В02336 –филология: қазақ филологиясы білім бағдарламасын іске асырудың 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары жасалып, сапа саясатын қамтамасыз ету үшін жоспар 2018-2020 жылдарға арналып, толықтырылып, қайта жасалды.

7М02336 (6М020500) – филология білім бағдарламасы 2019 жылы Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA) Қазақстан ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтингі бойынша 5-орынды иеленді.

Университетте «ҚР БҒМ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына» сәйкес 2017 жылы 11 қыркүйекте «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары» (Байқау Кеңесінің №3 хаттамасы, 2017, 11 қыркүйек) мен «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті студенттерінің кәсіптік практикадан өту туралы» Ережесі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы) қабылданған.

ББ даму жоспары және оны жүзеге асыру жолдары үнемі назарда болады. <http://korkyt.kz/index.php/kz/component/k2/item/810> Жоспар бекітілген мерзімге сай қаралып отырады. ББ дамуының жоспарын жүзеге асыру мониторингі бірнеше бағытта: білім алушыларға, ПОҚ-қа жүргізіледі.

2016 жылдан бастап университетте «E-Univer» порталы жұмыс жасайды. Портал университеттің ресми сайты www.korkyt.kz арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе 10 бөлімнен тұрады.

Аталмыш жүйе оқу үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді (мысалы, студенттердің жеке карталарын сақтау немесе дипломға, кадрлық есепке өтініш жасау және т.б.). «E-Univer» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің артықшылығы – бұл барлық үдерістерді өзара байланыста бірдей қамтиды.

Кафедраның ББ жоспарлау ЖОО қызметін ұйымдастыру Ережесіне, бекітілген ББ, арнайы кафедраға бекітілген оқу-жұмыс жоспарына, бекітілген ПОҚ штаттық кестесіне сәйкес жоспарланады. Кафедра қызметін жоспарлауда Қорқыт Ата атындағы ҚМУ перспективалық жоспары, аймақтың мамандыққа деген сұранысы бойынша жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелері ескеріледі.

Аккредиттеліп отырған ББ нәтижелі жүзеге асырылуын бағалау эксперттердің ішкі және сыртқы аудиты арқылы жүзеге асырылады. Олар:

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің тексеруі;
- мамандықтардың аттестациялануы;
- МАК жұмысының есебі;
- білім алушылардың пән олимпиадалары мен ғылыми конференциялардағы нәтижелері.

Оның үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз ету жоғарыда аталған стандарттар негізінде білім беру мен ғылымды дамыту мәселелеріне қатысты талдаулар жасай отырып, жүзеге асырылуда.

ББ даму жоспарын жасау және қалыптастыруда мүдделі тұлғалардың пікірлері ескерілген.

ББ даму жоспарын қалыптастыру, жасау кезінде мүдделі тұлғалар пікірлері, яғни жұмыс берушілердің Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балалар мектеп-интернатының директоры Б.Ә.Абдуллаева, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының директоры Д.Ж.Абдраймов) ұсыныстары ескеріледі. Осы жұмыстардың жалғасы ретінде 6B02336 –филология: қазақ филологиясы білім бағдарламасын жүзеге асыруды жетілдіру мақсатында «Қазақстан РК ТРК АҚ» -ның облыстық филиалы мен «Сыр медиа» ЖШС-де кафедраның филиалдары ашылды (Кафедра филиалын ұйымдастыру және құру туралы шарт. 11.03.20ж.).

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында 2013 жылы университет «Platonus» бағдарламасын енгізді. Университетте бағдарламалық қамтамасыз ету бөлімімен кадр қызметінің жұмысын жүйелендіру мақсатында «АЖО-кадрлар» бағдарламасы отыз параметр бойынша әзірленді. Қызметкерлер мен ПОҚ-тың барлық мәліметтері осы бағдарламаның деректер базасына енгізілген. Кадр құрамы бойынша есептердің барлық түрлері Excel, WORD бағдарламасында АЖО-кадрлар базасында жасалады. Бұл бағдарлама бухгалтерия және есеп бөлімінің қызметкерлерімен жұмыс істеу үшін пайдаланылады. Профессор-оқытушылар құрамын қабылдау, кадрлық ауысуларға байланысты барлық мәліметтер «Platonus» бағдарламасы арқылы қолжетімді.

Кафедраға қарасты білім бағдарламаларын жасауда жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдарының, ғылыми қауымдастықтың ұсыныс-пікірлері ескеріледі, жыл сайын элективті таңдау каталогы жаңартылып отырады. Облыстық білім басқармасы мен мектеп мұғалімдерінің ұсыныстары нәтижесінде 6B02336 - филология білім бағдарламасына «Конструктивті білім беру» пәні енгізілген. Аталған курс бойынша кафедраның доценті, ф.ғ.к. Г.Баялиева дәріс жүргізеді.

Аналитикалық бөлім

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ пен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттану деңгейін анықтау үшін жыл бойы «Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару» бөлімі қызметкерлері тарапынан сауалнамалар жүргізіліп отырған. Нәтижесінде ПОҚ пен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттану деңгейін жақсарту шаралары жасалған (Өзін-өзі бағалау есебінің қосымшалары. Қосымша 1.4; 1.7).

АРТА-ның ССК-ы ректормен, проректорлармен, кафедра меңгерушілерімен, құрылымдық бөлімшелер басшыларымен, білім алушылармен, профессорлық-оқытушылық құраммен, жұмыс беруші ұйымдар өкілдерімен және түлектермен кездесулер, әңгімелесулер және сұхбат жүргізе отырып, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге сауалнама жүргізіп, университеттің оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік ресурстармен және қажетті құжаттармен толық танысу нәтижесінде ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығы, оған барлық ұжымның қатысатындығын растады. Бұл туралы университеттің негізгі үдерістерін басқаруды қамтамасыз ететін Ғылыми кеңес, ректорат, оқу-әдістемелік кеңес қызметі құжаттары да куәландырады.

ССК ЖОО-да ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсететін сапаны қамтамасыз етудің жарияланған саясаты, университеттің және аккредиттелетін ББ-ның Стратегиялық даму жоспары бар екенін растайды.

Сондай-ақ ССК білім беру бағдарламаларын басқаруда алқалық органдардың құрамына мүдделі тұлғалар өкілдерінің қатысатындығын, ББ басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірі ескерілетіндігін растайды. Атап айтар болсақ, Назарбаев зияткерлік мектебі, №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, №1 мектеп-гимназиясы, Білім-инновация лицейі, №15 мектеп-лицейі, №3 мектеп-лицейі т.с.с. аудандық және Қызылорда қалалық білім беру мекемелері және ҚР «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда филиалы т.б. жұмыс

беруші мекемелермен меморандумдар жасалып, ынтымақтаса жұмыс істеу жөнінде түрлі мерзімдегі келісімшарттарға қол қойылған.

Оқытушылар: «Сіздің қажеттіліктеріңіз білім беру бағдарламасының мазмұнын қаншалықты қанағаттандырады?

ЖОО ПОҚ әлеуетін үздіксіз дамытуға мүмкіндік бере ме?

Оқытушылар өз стратегияларын қаншалықты пайдалана алады?

Оқытушылар өз әдістерін қаншалықты пайдалана алады?

Оқытушылар оқу барысында өз инновацияларын қаншалықты пайдалана алады?

Оқу орнының басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұнына қалай көңіл бөледі? т.т. сұрақтарға барлығы 100 % оң жауап берді.

Аккредиттелуші ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша біліктіліктерін көтерген. Кафедра меңгерушісі Ғ.Тұяқбаев АРТА-дан, ББ жетекшісі А.Алмауытова Қазақстан Сапа менеджменті академиясынан біліктіліктерін көтерген. Десе де ББ бағдарламасын басқаруда кафедра тарапынан мониторинг жасалмайтыны, тәуекелдерді анықтау және оның алдын алу жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілмейтіні анықталды. Сондай-ақ нарық сұранысына сәйкес, оқытудың қосымша траекторияларын да анықтау қажет.

Күшті жақтары

- ББ сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тетігі ретінде сапаны қамтамасыз етудің бекітілген саясатының болуы.

- Білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашықтық пен қол жетімділік.

- бітірушілерді 100 пайыз жұмысқа орналасуы.

- Білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға қатысуы.

ССК ұсыныстары:

- ББ талдауын жүйелі түрде жүргізу, тәуекелдерді талдауды күшейту және стратегиялық даму жоспарын қалыптастыру кезінде оның нәтижелерін ескеру;

- аккредиттелетін ББ бойынша оқытудың қосымша траекторияларын таңдау мүмкіндігін қарастыру.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 4-күшті, 9-қанағаттанарлық, 2-түзетуді қажет етеді.

6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Университетте ақпаратты басқару, оны жинау және талдау үрдісінің оң динамикасы байқалады. Қазіргі заманғы АКТ және бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесі университеттің <http://korkyt.kz> ресми сайты мен "«E-Univer» электрондық порталында көрініс табады.

ББ іске асыру сапасын бағалау білім беру сапасына мониторинг жасаудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Бағалау тетігі сабаққа қатысуды бақылау, білім беру үдерісіне қатысушылардың әлеуметтік сауалнамасы, практиканың сыртқы жетекшілерінің пікірлері, мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағаларының қорытындылары, сондай-ақ үлгерім көрсеткіштерін, қорытынды мемлекеттік аттестацияны талдау болып табылады. Сабаққа бақылау жасауды кафедра меңгерушісі, факультеттің әдістемелік кеңесінің мүшелері, университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің өкілдері үнемі қадағалайды. Есеп беру кезеңінде білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімі факультетпен бірлесіп, магистранттар, оқытушылар, жұмыс берушілер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижесінде білім алушылар мен жұмыс берушілердің 53% астамы мамандардың дайындық сапасына қанағаттанған. Білім беру бағдарламаларын бағалау нәтижелері институт пен университеттің алқалық

органдарының отырыстарында талқыланады, олар оқу сапасын қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы шешім қабылдайды.

ББ сапасын бағалау шарттары жыл сайын тұтынушылардың сұранысына сәйкес тұрақты және жүйелі жаңартылып отырады, оның құрылымын құрайтын құжаттар қайта қарастырылады:

- Білім беру бағдарламасының куәлігі;
- Мамандықтың типтік оқу жоспары;
- Модульдік білім беру бағдарламалары;
- Мамандықтың түрі мен уақытына сәйкес жұмыс оқу жоспары;
- Мамандықтың элективті модульдер каталогы және студенттің таңдаған траекториясы;
- Білім беру бағдарламасы пәндерінің құзіреттілік картасы;
- Білім беру бағдарламасының картасы;
- Білім беру бағдарламасының даму жоспары.

Бұл құжаттар еңбек нарығының талаптарына, ұлттық біліктілік шеңберіне және Дублиндік дескрипторларға сәйкес жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленеді.

Университетте ББ жүзеге асыру үшін: академиялық күнтізбе, элективті пәндер каталогы, жұмыс оқу жоспарлары, модульдік білім беру бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламасы, мамандықтың оқу-әдістемелік кешені, пәннің оқу-әдістемелік кешені әзірленген.

Жұмыс берушілердің мүдделерін есепке алу мақсатында білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және элективті пәндер каталогын қалыптастыруға білім алушылар, түлектер, жұмыс берушілер, практика базаларының басшылары белсенді қатысады. ББ әзірлеуге қатысу төмендегідей формаларда жүзеге асырылады:

- мемлекеттік және жеке құрылымдармен ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасай отырып, дөңгелек үстелдер өткізу;
- элективті пәндер каталогы талқыланатын әр бағыт бойынша Академиялық кеңестердің отырыстарына жұмыс берушілерді шақыру;
- элективті пәндер каталогтарын рецензиялау және сараптау.

Жүйелі түрде ақпарат жинау, оны талдау, қазіргідей ақпарат тез алмасатын заманда ББ-ның өзектілігін сақтауға мүмкіндік береді. Мұнда көрсеткіштердің өзгеріп отыруы (магистранттар саны, олардың ББ-на қанағаттануы, бітірушілердің жұмысқа орналасуы) ескеріледі.

«E-Univer» жүйесінде студенттердің, оқытушы-профессорлар құрамы мен басқа да қызметкерлердің толық мәліметтер базасы жинақталған. Студенттер, профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер жеке деректерін түзете және өңдей алады. Мысалға студенттер мен магистранттар университетке түскенде, ал мұғалімдер жұмысқа орналасу кезінде Қорқыт Ата атындағы ҚМУ қызмет заңдылығын сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (2013 жыл, 21 мамыр, № 94-V) сәйкес келісімшарт толтырады және ол әрбір студенттің және оқытушының жеке деректерінде сақталады.

«E-Univer» ААЖ-ға деректерді уақытылы енгізу үшін кафедраларда есептік ақпараттарды қалыптастыратын жауапты тұлғалар белгіленген. «E-Univer» ААЖ-да ақпараттың енгізілу жиілігі және дәлдігі университеттің ішкі тәртібімен реттеледі.

«E-Univer» ақпараттық-бағдарламалық кешені негізінде білім алушыларға қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қызмет көрсетіледі. Білім беру процесіндегі барлық құжат айналымын «E-Univer» бірегей бағдарламалық пакеті жүзеге асырады. Әрбір семестрден кейін студенттердің транскрипті автоматты түрде «E-Univer» бағдарламасы арқылы беріледі. Онлайн режиміндегі бағдарлама ҚР Білім және ғылым министрлігі *жоғары және жоғары* оқу орнынан кейінгі білім беру менеджменті бірыңғай жүйесіне (ESMS) 23 параметр бойынша деректер базасын беруге мүмкіндігі бар.

Университетте «Бір терезе» қағидасы бойынша білім алушылар мен қызметкерлерге қажетті кеңес беру және өзге де қызмет көрсету мақсатында орталық жұмыс жасайды. Бұл орталық білім беру үдерісінің ақпараттық ашықтығын дамыту, қызметтерді оңтайландыру, өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімсіз орта қалыптастыру мақсатында құрылған.

Тіркеуші офисі университет бойынша білім алушылардың контингентін қадағалау, компьютерлік базаға енгізіп отыру, білім алушылардың сапалы білім алуын қадағалау, академиялық күнтізбенің орындалуын бақылау, белгіленген кесте бойынша аралық бақылау, белгіленген сынақ-емтихан сессиясының өтуін ұйымдастыру және өту барысын қадағалау, білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау, орта балын есептеу, келесі курсқа көшіру, курсты қайта игеруге қалдыру туралы бұйрықтар жобасын дайындау сияқты жұмыстарды атқарады.

Білім беру қызметінің сапасын анықтау және мониторинг жасау мақсатында Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімі университет білім алушылар, оқытушы-профессорлар, қызметкерлер арасында түрлі бағыттарды қамти отырып тұрақты түрде әлеуметтік сауалнама жүргізеді.

Жасалған жұмыстар бойынша бағалау көрсеткіштерінің нәтижелері мен тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне жүйелі талдау жасалып отырады. Негізгі мәселелерді шешу мақсатында сауалнамалар, өтініштерді жинақтау т.б. жұмыстар жүргізіледі.

Талдау қорытындысы университеттің Ғылыми кеңесінде, ректоратта, факультет кеңесінде, кафедра мәжілісінде қаралады. Талқыланған мәселелер бойынша кемшіліктерді қалпына келтірудің жоспарды жасалып, оны жүзеге асырудың іс-шаралары бекітіледі. Университет құрылымын оңтайландыру, адам факторы, материалдық және қаржылық ресурстар, құрылымдардың өзара байланысын жетілдіру бағытында тиісті шешімдер қабылданады. Қабылданған шешімдер бойынша хаттама көшірмелері тиісті құрылымдар мен қызметкерлерге электронды құжат айналымы арқылы жіберіледі.

Аналитикалық бөлім

Университетте ақпаратты басқару, оның ішінде жинау және талдау процестері енгізілген. Миссияны, мақсаттарды, міндеттерді қолдау және олардың тиімділігін бағалау қолданыстағы құжатталған рәсімдерге сәйкес жүргізіледі. Комиссия атап өткендей, университетте ақпарат пен есепті басқарудың көп деңгейлі жүйесі жұмыс істейді. Ғылыми кеңес отырыстарында ішкі аудитке және қабылданған шешімдердің нәтижелілігін жоспарлы қарауға және бөлімшелер мен бағдарламалардың қызметіне мониторинг жүргізуге ерекше назар аударылады. Ақпаратты басқару дәстүрлі ағындарды және цифрлық ақпараттық ағындарды басқаруды қамтиды.

ССК студенттер мен оқытушылардың оқу-тәрбие, ғылыми және әдістемелік жұмыстарын жетілдіру жоспарын жүзеге асыру аясында университеттің басшылығы пікір алмасуға арналған тұрақты кездесулер өткізетіндігін растайды. Шешімдердің орындалуы оқу жылының соңында кафедра отырысында қаралып, кемшіліктерді қалпына келтірудің іс-шаралар жоспары жасалып, олар кафедраның жылдық есептерінде көрініс тапқан. .

Оқу-әдістемелік, тәрбие, халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық жұмыстары әр оқытушының жеке жұмыс жоспарында қамтылып, әр оқытушының жоспарланған жұмыстарының нәтижесі жарты жылдық және жылдық есептерде көрсетілген.

Кафедраның ББ жоспарлау ЖОО қызметін ұйымдастыру Ережесіне, бекітілген ББ, арнайы кафедраға бекітілген оқу-жұмыс жоспарына, бекітілген ПОҚ штаттық кестесіне сәйкес жоспарланады. Кафедра қызметін жоспарлауда Қорқыт Ата атындағы ҚМУ перспективалық жоспары, аймақтың мамандыққа деген сұранысы бойынша жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелері ескеріледі.

ЖОО заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс

істеуін қамтамасыз етеді. ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат: бітірушілердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсуін ескереді. Осыған байланысты практикалар базасына бару, сондай-ақ жұмыс берушілермен сұхбат ББ түлектерін жұмысқа орналастыру және мансаптық өсудің айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін нақтылап берді. Десе де ББ бойынша оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі саулнамалар жүргізілумен шектелген.

АРТА ССК жүргізген студенттердің сауалнамасы ұйымның веб-сайтының пайдалылығы, университеттің білім беру ресурстарына қанағаттануы, компьютерлік сыныптар мен Интернет-ресурстардың болуына 100 % қанағаттанатынын көрсетті.

Күшті жақтары

Университеттегі білім сапасының деңгейін қамтамасыз ету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілген;

Студенттермен, қызметкерлермен және басқа мүдделі тұлғалармен байланыс механизмі орнатылған;

Кадрлық саясаттың объективті және ашық болуы, оның ішінде профессорлық-оқытушылық құрамның баллдық-рейтингтік бағасы, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуын қамтамасыз ететін дамыған КРІ жүйесінің болуы.

ССК ұсынысы

оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшейтін тетіктердің барлығын көрсетуі керек.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 6-күшті, 9-қанағаттанарлық, 1-түзетуді қажет етеді.

6.3 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

ББ байланысты нормативтік-құқықтық құжаттарды дайындаумен академиялық мәселелер жөніндегі департамент айналысады. Департамент мамандық шығарушы кафедралармен бірге қажетті нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлейді. Соңында құжаттар университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңесте бекітіледі.

Университеттің бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша ББ ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес келеді.

ББ мазмұны мен құрылымы ҚР БҒМ нормативтік талаптарына және университеттің ішкі Ережелеріне бағытталады.

Нормативтік талаптарға сәйкес білім беру бағдарламасын қалыптастыру, кадрларды даярлау, олардың кәсіби құзыреттілігін анықтайтын міндетті курстар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады (бұйрық №1080, 23.08.2012 ж., 13.05.2016ж. толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №292 бұйрық). Стандартта міндетті пәндер сипатталған типтік жоспардың мазмұны, ондағы кредиттер саны, базалық және бейіндік пәндер циклы, элективті курстар компонентінің көлемі анықталып, көрсетіледі.

Кредиттік технология бойынша оқу процесін жетілдірудегі өзекті мәселелердің бірі студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Өйткені оқытудың барлық кезеңінде оған жаңа білім алу мақсатында ақпаратты өз бетінше іздеу және оны аналитикалық ұғыну дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына», сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым туралы» Заңдарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру құрылымы бакалавриат, магистратура және PhD докторантура арқылы кадрларды даярлаудың көп деңгейлі үздіксіз жүйесіне айналды. Бұл үш деңгейлі

жүйе білім беру компонентіне негізделеді және ғылыми-зерттеу қызметімен ұштасады. Қазіргі уақытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Білім беру бағдарламалары жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алуды жалғастыру мүмкіндігін ескере отырып әзірленген. Еуропалық біліктілік шеңберінің деңгейлік құрылымын есепке ала отырып, осы ББ теориялық бағыттағы пәндер енгізілді. Ол бакалавриат деңгейінен магистратура деңгейіне, сондай-ақ магистратура деңгейінен докторантура деңгейіне ауысу үшін база болуға қабілетті.

Әрбір ББ университет миссиясын жүзеге асыру үшін нақты ғылыми мақсатты көздейді.

Оқытудың күтілетін нәтижелері барлық білім беру бағдарламаларында және барлық деңгейлерде Дублиндік дескрипторлар негізінде құзыреттілік арқылы көрсетіледі.

Оқытудың кредиттік жүйесі оқу үдерісін құрудың модульдік принципіне сай келеді. Модульдік ББ типтік оқу жоспарында қарастырылған міндетті компонент пәндерін де, таңдау бойынша компонент пәндерін де қамтиды. Бағдарлама шеңберінде білім алушыға оның сұраныстарына сәйкес пәндерді таңдауға және осы таңдаудың негізінде өзінің жеке жоспарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру траекториялары ұсынылған.

Модульдік ББ тек жекелеген пәндердің ғана емес, сонымен қатар нақты траекториялардың таңдауын қамтамасыз етуге және бұл модульдік-құзыреттілік тәсілді қолдану жағдайында оқыту үдерісінде анықталатын барлық құзыреттіліктерді өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.

Модульдік ББ жалпы модульдерден, мамандық бойынша модульдерден, оқытудың қосымша түрінің модульдерінен және қорытынды модульден тұрады. Қазақстандық кредиттермен қатар, білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығының шартты бірлігі ретінде ECTS кредиттері пайдаланылды, олар бейін дәрежесіне, оқу нәтижелеріне, құзыреттілікке, студенттердің жеке оқу жоспарына байланысты, сондай-ақ бағалау рәсімдерінде оқу нәтижелеріне қол жеткізуді қамтиды.

ББ паспортына түлектердің біліктілік тізімі мен біліктілік сипаттамасы, ББ мақсаты, сонымен қатар жалпы білім беретін пәндер циклінің, базалық пәндер мен кәсіби пәндердің мақсаттары енгізілген. Сонымен қатар, паспортта бітірушінің кәсіби қызмет саласы, объектілері, түрлері, функциялары мен міндеттері, бітірушінің ББ игеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттілігі көрсетіледі. ББ мазмұны бағдарлама модульдерінің сипаттамасын, картасын және көлемі бойынша жиынтық кестені қамтиды. Осы оқу жылы бойынша:

- 6В02336-филология мамандығындағы ББ бойынша 8 модульден тұрады: «Тіл білімі мен әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Тіл білімі, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы», «Тіл білімінің теориясы», «Әдебиет теориясы, қазіргі әдеби үдеріс», «Дене тәрбиесі» модулі;

- 7М02336- филология мамандығы бойынша ББ 3 модульден тұрады:

«Ғылымның тарихи дамуының негіздері», «Коммуникативтік», «Тіл теориясы мен әдебиеттану», «Әдебиет теориясының мәселелері», «Қазақ тіл білімінің дамуы және қазіргі жаңа бағыттары», «Тіл біліміндегі танымдық және психологикалық бағыт мәселелері», «Тіл теориясы», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиеттану», «Мәтін теориясы».

«Ғылымдар философиясы», «Тарихи тіл білімі», «қазақ тілі тарихы», «әдебиеттану», «Тіл теориясы», «Қазақ әдебиеті», «Педагогика және психология негіздері», «Кәсіби тілдік»; (<http://korkyt.kz/index.php/kz/component/k2/item/651>).

ББ кафедра құрастырады және факультеттің Академиялық кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңесте бекітіледі.

Магистратура бойынша модульдік ББ-да мыналар көрсетілген: бейіндік бағыт бойынша 3 модуль, олардың құрылымына 1 базалық пәндер модулі және 1 бейіндік пән және практика бойынша модуль кіреді, 1 модуль - мемлекеттік аттестаттау. Аталған

модульдердің әрқайсысы кәсіптік құзыреттер қалыптасатын оқытудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

Эдвайзер-кураторлар студенттердің таңдау пәні бойынша пәндердің мазмұнын және пәнмен толығырақ таныстыру үшін жұмыс жүргізеді.

Білім беру картасы пән модуліне, курсына, циклына, компонентіне, пәннің кодына, бақылау түріне, семестріне, кредит көлемі мен қалыптасатын құзыреттілігіне сәйкес жасалады. Игерілетін модульдердің, пәндердің, практика түрлерінің, емтихандардың, қорытынды аттестацияның, кредиттер мен сағаттарының сандық көрсеткіші ББ жиынтық кестесінде көрсетілген.

Білім алушылардың ББ негізгі құзыреттіліктерді, интеллектуалды, академиялық және практикалық дағдыларды дамытатын кәсіби қызметке даярлауға арналған компоненттер бар.

ББ Дублиндік дескрипторларға сәйкес жоғары білім берудің жалпы білім, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық және арнайы құзыреттіктерін игеруді ескереді. Олар ақпаратпен жұмыс істей білу, коммуникабельді қасиеттер, әлеуметтік-этикалық құзыреттерді меңгеру және кәсіби білімді қолдану. Білім беру бағдарламаларының орталық компоненті мектеп бітіруші моделін сипаттайтын мақсат, білім, білік, дағды, құзыреттілік және жеке қасиеттер жүйесі болып табылады.

Бітірушінің құзыреттілік моделі – бұл жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін қол жеткізуге болатын осы деңгейге қажетті құзыреттіліктер бағыты. Кафедра ҚР МЖМБС (23.08.2012 ж. №1080 қаулысы) бойынша ПОҚ пен жұмыс берушілерден сұрастыру нәтижелері негізінде түлектің құзыреттілік моделін әзірледі. Құзыреттіліктер мен олардың компоненттерін бөлу үшін: академиялық персоналдың көзқарасы, жұмыс беруші өндіріс әкімшілігі, ғылыми орталықтар мен білім басқармасы өкілдерінің көзқарасы, түлектердің өздерінің көзқарасы қарастырылады.

Құзыреттілік моделі бітірушінің кәсіби қызметінің нысанын, біліктілік сипаттамаларын және басқа да құзыреттіліктерді, сондай-ақ оқу нәтижелері мен түлектердің білім деңгейіне қойылатын талаптарды анықтайды. 6B02336-филология ББ бойынша біліктілік алған бітірушілер келесідей құзыреттілікке ие: білім беру (әлеуметтік ғылымдар бакалавры) – жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі, ҒЗ мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер, әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында), ұйымдастыру-басқару (орта мектептерде, гимназиялар мен лицей, өндіріс орындарында ісқағаздары мен құжаттар бөлімінде), әдеби кеңесші қызметінде жұмыс істей алады.

7M02336-филология мамандығы бойынша ғылыми магистрі, бейіндік даярлауда – филология мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесі беріледі.

7M02336-филология мамандығы бойынша бітіруші магистр әр түрлі типтегі білім беру мекемелерінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми-әдістемелік бөлімдерінде және бағыт бойынша басқа да салаларда қызмет етуіне болады.

ҰБШ (НРК) Біліктіліктің салааралық салыстырмалылығын қамтамасыз ете отырып, салалық біліктілік шеңберін (СБШ) және кәсіби стандарттарды әзірлеу үшін біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шкаласын айқындайды, сондай-ақ мамандардың біліктілік сәйкестігін растау және оны беру жүйесі үшін негіз болып табылады.

Университетте білім беру бағдарламалары ҚР ҰБЖ және кәсіби стандарт негізінде әзірленген, бұл келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді: жеке кәсіби деңгейін және қосымша оқыту мен жетілдіру міндеттерін анықтау; кәсіпорында тиімді жұмыс істеу; еңбек нарығында өз қажеттілігін қамтамасыз ету, лайықты жұмыс іздеу мерзімдерін қысқарту; қызметтік өсу және кірісті ұлғайту. ЖОО үшін ҰБШ және кәсіби стандартты пайдалана отырып ББ әзірлеу: кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың нақты және

өлшенетін нәтижелерін тұжырымдауға; оқытудың көлемі мен бейіндерін жоспарлауға; өмір бойы білім алушылардың оқыту траекториясын анықтауға мүмкіндік береді.

ББ оқытудың тұжырымдалған мақсаттарына сәйкес келетін модульдердің үйлесімділігінің тиісті құрылымына ие. Білім деңгейі әрбір пәндер блогында міндетті компоненттердің болуымен анықталады, ал оқу траекторияларын таңдау еркіндігі (оқытудың кредиттік технологиясының негізі болып табылатын) оқу пәндерін таңдау мүмкіндігіне негізделген.

Нақты кәсіптік қызметтің шарттарын ескеретін жұмыс оқу жоспарлары, оқу үдерісінің кезеңдері үш цикл бойынша пәндердің толық тізбесін қамтиды: жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері.

Аналитикалық бөлім

ББ сапасын бағалау оқу жоспарларын талдау, элективті пәндер каталогы, ПОӘК, студенттермен кездесу, ПОҚ, ғылыми кітапхана, спортзал, жатақхана негізінде жүргізілді.

Ұсынылған құжаттарды талдау, ПОҚ мен жұмыс берушілерден, сондай-ақ білім алушылардан сұрау нәтижелері ББ жобалауға мүдделі тұлғалар тартылатынын бекітуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламалары шеңберінде оқу пәндерінің мазмұны жалпы еңбек нарығындағы жағдайды, жұмыс берушілердің талаптарын және тұтынушылардың сұраныстарын ескереді. ББ түлектерінің кең ауқымды құзыретін қалыптастырудағы оқу деңгейлерінің өзара байланысы байқалады (бакалавриат және магистратураның модульдік білім беру бағдарламаларының мазмұнын логикалық-құрылымдық талдау).

ББ мазмұнын ЖОО жұмыс берушілермен, практика базаларының басшыларымен, ББ түлектері мен білім алушыларымен ынтымақтастықта және өзара әрекеттестікте анықтайды және жыл сайын жалпы білім беретін, базалық және бейіндік циклдардың жаңа элективті курстарын енгізу есебінен 20-30% - ға жаңартылады. Алайда, бітіруші түлектермен сұхбат жүргізу барысында туралы ұсыныс айтылды. Мамандарды даярлауда ағылшын тілін білудің маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Білім беру бағдарламаларының ғылыми деңгейі элективті курстарға ғылыми жоба нәтижелері енгізіледі. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы негізінде кафедра профессоры Б.Кәрібозұлының «Сыр сұлейлері шығармаларының тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік ел» рухында жырлануы» тақырыбында (Жоба құны-15 000 000 тг), «Аймақ эпиграфикасы: рухани жаңғыру және сабақтастығы (Қызылорда облысы материалдары бойынша)» (Жоба құны-19 605 973 тг) жобасы негізінде «Сыр өңіріндегі ақындық» таңдау пәні енгізілген. ББ-ға жаңа зерттеу нәтижелерін енгізу ББ-ға нақты пәндерді енгізу, сондай-ақ оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару және ғылыми мақалаларды жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, комиссия кәсіптік сертификаттау саласында аккредиттелетін ББ білім алушылары үшін дайындық мүмкіндігін қамтамасыз етуді кеңейту қажеттілігін атап өтеді.

Студенттер сауалнамасы, сабаққа қатысқан сабақтарға талдау оқу үрдісінде белсенді, инновациялық әдістер, сондай-ақ ақпараттық компьютерлік технологиялар үнемі қолданылатынын көрсетеді.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын білім алушылармен кездесу барысында білім алушылардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысатындықтары анықталды.

АРТА ССК сапары барысында білім алушыларға жүргізілген сауалнама:

Білімгерлердің білім беру бағдарламалары және академиялық дәрежелер туралы ақпараттандыру дәрежесінің, жоғары оқу орны басшылығының қол жетімділік деңгейі жоғары деп бағаланады - 100%.

Күшті жақтары

- ЖОО-да ББ әзірлеу және бекіту, құжаттандыру рәсімдері дұрыс жолға қойылған;
- теориялық пәндер мен кәсіби практикалардың өзара байланысы

- аккредиттелетін ББ бойынша білім беру процесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу

- авторлық курстар әзірленген.

ССК ұсынысы

- білім алушылары үшін кәсіптік сертификаттау саласында дайындық мүмкіндіктерін арттыруға қатысты жұмыстарды арттыру қажет.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 6-күшті, 6-қанағаттанарлық, 0-түзетуді қажет етеді.

6.4. «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты стратегиялық менеджментінің бір бөлігі болып саналады. Ол білім беру процесін, ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіруге, сапаны қамтамасыз ету процестеріне барлық мүдделі тараптарды тартуға бағытталған.

Жоғары оқу орнында сапа саласындағы саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін және бақылайтын қолданыстағы нормативтік құжаттары бар. Олардың ішінде барлық мүдделі тұлғаларға сауалнама жүргізу, жұмыс берушілермен ББ сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша белсенді ынтымақтастық жасау, жоғары оқу орны ішіндегі сапа мониторингі жүйесі және жоғары оқу орындары құрылымдарының сапаны бақылау және қамтамасыз ету бойынша қызметі жолға қойылған. ЖОО-дағы білім беру бағдарламаларының мониторинг процесі білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнының сапасын, ББ даму жоспарларын, мүдделі тараптардың (жұмыс берушілердің, студенттердің, оқытушылардың және т.б.) білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын анықтайды.

Қолданыстағы ББ даму жоспарларын, жоспарларды және оларды іске асыру мониторингі жүйесін талдау жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жүйесі, ол білім беру нәтижелерінің бастапқы деңгейден бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруға дейінгі мониторинг жүйесін қамтиды – білім беру бағдарламасының болуы мен іске асырылуының тиімділігін дәлелдейді. Білім алушыларға сауалнама жүргізу білім беру қызметтерінің сапасын анықтау, білім алушылардың оқытылатын пәндердің сапасына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау мақсатында (дәріс, семинар сабақтарының оқыту сапасы, тапсырмалар сапасы және оларды орындау уақыты, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету) университетте тұрақты негізде жүргізіледі. Соңғы мониторинг нәтижелері бойынша (қаңтар 2020 ж.) респонденттердің көпшілігі университетте жақсы білім алуға сенімді.

Сауалнамаға 6B02336 (5B020500)- Филология, 7M02336 (6M020500)- Филология ББ бойынша 71 білім алушылары қатысқан. Нәтижесі төмендегідей:

№	ББ сапасының сипаттамасы	Студенттердің көзқарасы (балл)
1. Оқу шарттары		
1	Материалдық-техникалық база (аудиториялық қордың жағдайы, зертханалық жабдықпен сабақ беру, көрнекі материалдар және т.б.)	4,2
2	Техникалық жабдықтар (оқу үрдісін техникалық құралдармен қамтамасыз ету)	4,2
3	Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы	4,3
4	Спорт клубтарының жұмысы (секциялар)	4,5
2. Оқу үдерісінің сапасы		

1	Сабақтардың оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі	4,3
2	Профессор-оқытушылар құраманың сапасы	4,3
3	Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру деңгейі	4,4
4	Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру деңгейі	4,1
5	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру деңгейі	4,3
3. Сапалы білім беру нәтижелері		
1	Теориялық білім деңгейі	4,4
2	Алынған білім мен дағдының деңгейі	4,3
3	Оқыту деңгейін заманауи еңбек нарығы талаптарына сәйкестігі	4,3
Қорытынды:		4,0

Аналитикалық бөлім

Бітіртуші кафедраға бару және құжаттарды зерттеу нәтижесінде ССК мүшелері университетте тұрақты мониторинг және БЖ мерзімді бағалау жүргізілетінін растады.

Үлгерімді талдау сонымен қатар білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділік деңгейін береді, сонымен қатар кафедра білім алушыларды бағалау формаларының пәнді оқыту нәтижелеріне сәйкестігін талдайды. Білім алушылардың үлгерімі мен бітіруі туралы мәліметтер Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың www.korkyt.kz сайты мен 'E-UNIVER' электрондық порталында және ведомстарда сақталған.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару департаментінің ақпараттық-талдау орталығы тұрақты әлеуметтік «Оқытушы-студенттердің көзімен» тақырыбындағы сауалнаманы 2017-2018 оқу жылында жүргізген (Өзін-өзі бағалау есебі. Қосымша 3.4). Аталған сауалнама нәтижесі туралы кафедрада да мәлімет болмады. Бұл аталған шараның тұрақты жүргізілмейтінін нақтылайды.

6В02336-филология, 7М02336-филология білім беру бағдарламаларының мазмұны қазіргі талаптарға және ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне сай жаңартылып отырады.

Жұмыс берушілермен сұхбат барысында аккредиттелетін ББ түлектерінің жақсы дайындығы, жұмыстың жаңа әдістерін тез меңгеруі, жұмысқа шығармашылық көзқарас, жаңашылдықтарды зерттеуге ұмтылуы атап өтілді. Алайда кафедрада аккредиттелетін ББ-на мониторинг жасау тек білім алушылардан кезеңдік сауалнама алумен шектелген. Кафедра оқытушыларының, жұмыс берушілердің мониторингке қатысуы жаңа құзыреттіліктерді анықтауға, кәсіби қауымдастықтың күткендерін анықтауға, сондай-ақ қазіргі курстардың мазмұнын өзектендіруге мүмкіндік берер еді. Соңғы жылдары аккредиттеуге ұсынылған ББ рейтингтерге қатыспаған.

Күшті жақтары

- Білімгерлердің аккредиттелетін ББ-ға қанағаттануының, жоғары мотивациясының болуы.

- Білім алушылардың оқу жүктемесі мен үлгерімін қалыптастыру бойынша әзірленген мониторинг процедураларының болуы.

- Жұмыс берушілердің түлектердің сапасына қанағаттануы.

- Еңбек нарығы мен ғалымдардың ғылыми жетістіктерін ескере отырып, ББ мазмұнын үнемі жаңарту.

ССК ұсынысы

ББ мониторингі мен мерзімдік бағалау тетіктерін қайта қарастыру қажет. Бұл процестердің нәтижелері ББ тұрақты жетілдіруге бағытталуы тиіс.

«Үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 5-күшті, 3-қанағаттанарлық, 1-түзетуді қажет етеді.

6.5 «Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

ҚМУ-да білім алушы білім беру бағдарламаларын іске асыруда басты тұлға болып табылады, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету кезінде оның мүдделері, тілектері, ұсыныстары ескеріледі.

ББ мазмұнын жүзеге асыру мақсатында кафедралар оқу жоспарларын әзірлейді және бекітеді. Ол пәндерді семестр бойынша тиімді бөлуді және пәндерді оқытудың логикалық дәйектілігін қамтамасыз ететін жеке және жұмысшы болып бөлінеді.

Студентке бағытталған білім, оқыту және баға стандарты Болон үдерісінің қағидаттарының бірі болып табылады. Мұнда оқыту нәтижелері мен білім үдерісінің қорытындыларына айрықша назар аударылады. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ білім беруді білім алушылардың білімін бағалау мен бақылау, оларға ыңғайлы жеке білім траекторияларын анықтау арқылы жүзеге асырады. Оның негізгі мақсаты – жеке тұлғаның білім ала отырып, мамандығын өз дәрежесінде игеруі үшін барлық мүмкіндікті жүзеге асыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасында студентке бағытталған білімді бағалау төмендегідей негіздемелер арқылы жүзеге асырылады:

- білім беру бағдарламаларын реттейтін оқу жоспарларын, пәндердің элективті каталогтерін, оқу кестелерін, білім алушылардың жеке жоспарларын, ішкі нормативті құжеттарын талдау жасау жолымен;
- білім беру әдістерін және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістеріне талдау арқылы; оқытудың қажет ететін нәтижелеріне талдаумен;
- оқу нәтижелерін бағалауда қолданылатын әдістер мен технологияларды талдау түрімен;
- қажетті білім берудің нәтижелерінің кәсіби оқыту стандарттарымен және ҰБЖ (ұлттық біліктілік жүйесі) деңгейіне сәйкестігіне талдау жолымен;
- білім алушылармен, ПОҚ-пен, жұмыс берушілермен және басқа да мүдделі жақпен сұхбаттасу мен сауалнама алу жолымен жүзеге асады.

Кафедрадағы ББ білім алушылардың түрлі топтарына, олардың қажеттіліктеріне, ұсынылатын оқу траекторияларының икемділігіне сай жасалған.

Білім алушы оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді түрде қатысады, соның ішінде өз бетінше және эдвайзерлердің көмегімен білім беру траекториясын қалыптастырады, оқытушыны таңдайды, оқыту тиімділігі мен оқыту әдістерін бағамдап, профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби, ғылыми бағыттарынан хабардар бола отырып, оқу үдерісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін бағалайды, пайдаланады

Білім алушылар университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, жұмыс оқу жоспарының мазмұнымен, білім алуға қойылатын талаптармен, қалаған мамандықтарының ерекшеліктерімен танысады, өздерінің бейімі, қызығушылығына сәйкес білім алу траекториясын таңдайды. Білім алушылардың жеке білім алу траекториясын таңдауы **үш кезеңнен** тұрады.

1-кезең. Келер оқу жылына, яғни 2,3,4 курстар үшін кафедра 1 сәуірге дейін білім алушыларға жұмыс берушілермен келісілген жаңартылған элективті пәндер каталогын ұсынып, жаңа пәндер бойынша презентациясын өткізеді, таныстырады. Эдвайзер-тәлімгер элективті пәндер каталогын «Platonus», «E-Univer» бағдарламасына енгізеді.

2-кезең. Білім алушылар эдвайзер кеңесімен 1-15 сәуір аралығында университеттің «Platonus», «E-Univer» бағдарламасына еркін және ашық түрде өздерінің құпия сөздері арқылы элективті пәндерге талдау жасайды. 15 сәуірге дейін оқу пәніне жазылған білім алушылар саны академиялық ағындағы жалпы білім алушылардың санының 40 пайыздан төмен болса, пән ашылмайды және білім алушының жеке оқу жұмыс жоспарына енгізілмейді. Осы ақпаратты эдвайзер-тәлімгер білім алушы назарына жеткізеді.

3-кезең. 15-20 сәуір аралығында білім алушылардың 40 пайыздан астамының таңдауына ие болған пәндерден және ЖБП және БП, КП циклдарының міндетті пәндерінен дәріс жүргізетін оқытушыларға таңдау жасалады. Білім алушылар эдвайзердің көмегімен «Platonus» бағдарламасындағы «Университет оқытушылары» терезесі арқылы пән оқытушысын таңдайды. Пәнді және дәріс беретін оқытушыны таңдағаннан кейін білім алушының жеке оқу жоспары жасалады. Мамандықтың үлгілік оқу жоспары, білім алушының жеке жоспары негізінде мамандықтың жұмыс оқу жоспары түзіледі. Оқу пәніне жазылған білім алушылар 25-тамызға дейін жеке жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы қайта тапсырыс бере алады. Бұл уақытта білім алушы жеке оқу жоспарына кредиттің жалпы санынан 10 пайыздан көп емес көлемінде ғана өзгеріс енгізе алады. Эдвайзер көмегімен білім алушы институт директорына белгіленген үлгіде жазбаша тапсырыс береді.

Осы жұмыс оқу жоспарында типтік оқу жоспарына сәйкес міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің тізбесі мен еңбек сыйымдылығы және үлгілік оқу жоспарында бөлінген кредиттердің жалпы санына байланысты семестр бойынша таңдау компоненттерінің саны белгіленген.

6B02336-филология оқу бағдарламасын әзірлеуде пәнді оқытудағы логикалық реттілік бұзылмайды. Пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесі және академиялық байланыс қатаң сақталады. Мысалы, бакалавриаттың 1-академиялық кезеңінде «Әдебиеттануға кіріспе», «Тіл біліміне кіріспе» пәндері оқытылса, ол 5-академиялық кезеңде оқытылатын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Тіл білімінің жаңа бағыттары» пәнінің пререквизиті болып табылады.

«Тіл білімінің жаңа бағыттары», «Әдебиет теориясы», секілді кәсіптендірілген міндетті пәндер циклін меңгеруде гуманитарлық ғылымдар туралы түсінік қалыптасады, сондай-ақ «Конструктивті оқыту әдістері» пәні мектепте сабақты жүргізу түрлері мен әдістерін үйретіп, әр түрлі мекемелерде жұмыс істеу үшін ұйымдастырушылық қабілетті қалыптастырады.

6B02336-филология мамандығының базалық пәндері бойынша «Нормативті қазақ тілі», «Қазақ тілінің фонетикасы» элективті курстары 1-семестрде оқытылса, 3-4-семестрде «Қазақ тілінің морфологиясы», «Қазақ тілінің сөзжасамы», 5-7 семестрде «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Когнитивті лингвистика» оқытылады. (<http://korkyt.kz/index.php/kz/component/k2/item/651>).

Базалық пәндер циклінің элективті пәндері жекелеген базалық пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған. 6B02336-филология мамандығы бойынша мына БП оқытылады: «Тіл біліміне кіріспе», «Әдебиеттануға кіріспе», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы», «Нормативті қазақ тілі», «Халық ауыз әдебиеті», «Хандық дәуір әдебиеті», «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы және фразеологиясы», «Қазақ әдеби тілінің тарихы және диалектологиясы», «XIX ғасыр әдебиеті», «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «XIX ғасыр әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы және жазу тарихы», «Ономастика теориясы және практикасы», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазіргі қазақ әдебиеті».

Кәсіптік пәндер циклінде студенттерге оқытуды саралау және дараландыру, бейінді курстарды қосымша, тереңірек зерделеу үшін жағдайлар жасалады. Осы мамандық бойынша мынадай кәсіптік пәндер оқытылады: «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Әдебиет теориясы», «Жалпы тіл білімі», «Қазақ әдеби сынының тарихы», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Конструктивтік оқыту әдістері», «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті», «Әлеуметтік лингвистика».

7M02336-филология мамандығы бойынша мына БП-дер оқытылады: «Қазақ тіл білімі теориясының даму көздері», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Когнитивті лингвистика» және кәсіптік пәндері: «Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері»,

«Жанр теориясы», «Әлеуметтік лингвистика», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы», «Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиясы», «Көркем мәтін поэтикасы», «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары».

Кафедра мамандықтары бойынша төмендегі элективті пәндер жүргізіледі:

6В02336-филология мамандығы бойынша: «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы», «Тіл біліміне кіріспе», «Нормативті қазақ тілі», «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ әдеби тілінің тарихы және диалектологиясы», «ХІХ ғасыр әдебиеті», «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы және жазу тарихы», «ХХ басындағы қазақ әдебиетінің тарихы», «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Ономастика теориясы мен практикасы», «Қазақ әдеби сынының тарихы», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Жалпы тіл білімі», «Конструктивті оқыту әдістері»;

7М02336-филология мамандығы бойынша: «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы», «Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиясы», «Көркем мәтін поэтикасы», «Когнитивті лингвистика», «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары», «Қазақ тілі білімінің қалыптасуы мен дамуы», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Әлеуметтік лингвистика», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Жанр теориясы»;

(www.korkyt.kz).

Жоғарыда көрсетілген ББ мазмұнын анықтайтын құжаттар әлеуметтік серіктестердің қатысуымен факультеттің Академиялық кеңесінде, кафедраның оқу-әдістемелік мәжілісінің отырысында рецензияланады және ЖОО-ның, ОӘК-нің және университеттің Ғылыми кеңес отырысында бекітуге шығарылады. Барлық оқу құжаттары мемлекеттік тілде ресімделеді. Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ақпарат факультеттер мен университеттің сайттарында орналастырылады.

Университетте бакалавриаттың ББ жүзеге асыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының біліктілік талаптарына сәйкес келетін болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттілігін және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Жұмыс берушілер ұсынған элективті пәндер әдістемелік семинарда және қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының отырыстарында талқыланады. Білім беру бағдарламасын қалыптастыруға жұмыс берушілер және практика базаларының өкілдері, білім алушылар, оқытушылар тартылады және олар сауалнамаға, ББ-ны рецензиялауға, элективті пәндер каталогы үшін элективті пәндерді іріктеуге, мамандық шеңберінде қосымша білім беру бағдарламаларын айқындауға қатысады.

6В02336-филология мамандығы бойынша №10 Білім-Инновация лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Микееваның ұсынысы бойынша 2017-2018 оқу жылынан бастап «Сыр бойындағы ақындық дәстүр және әдеби мектептер» элективті курсы оқытылады.

6В02336-филология, 7М02336-филология мамандықтары бойынша ЭПК әзірленіп, бекітілген. <http://www.korkyt.kz/index.php/ru/component/k2/item/650>.

2017-2018 оқу жылынан бастап ББ ЭПК-іне 6В02336-филология мамандығы бойынша: «Тұрмағамбеттану» курсы оқытылуда.

2015-2016 оқу жылында элективті пәндер каталогы ББ 6В02336-филология мамандығы бойынша №23 мектеп-лицейі әдіскерлерінің ұсынысы бойынша «Критериалды бағалау жүйесі» пәні енгізілді.

2016-2017 оқу жылында Қызылорда қаласындағы №1 мектеп-гимназияның ұсынысы бойынша ЭПК мына элективті пәндер енгізілді: «Инклюзивті білім беру», «Орфография, пунктуация мәселелері», «Медиапедагогика». Бұл пәндерді оқу жоспарларына енгізу жұмыс берушілер талап ететін білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

ББ құру туралы Ережеге сәйкес (04.07.2017 ж.) жұмыс берушілер жыл сайын МЖМБС, ТООБ, білім беру бағдарламасының ЭПК сәйкес білім беру бағдарламаларын сыртқы сараптамалық бағалау жүргізеді.

Жұмыс берушілерді тартудың маңыздылығы ББ жоспарлауда және жүзеге асыруға қатысатын, сондай-ақ 6В02336-филология ББ қызығушылық танытып, бітірушілердің көпшілігі жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ «E-Univer» базасына тіркеуші офис білім алушыларды тіркеуді және олардың жеке оқу жоспарларын рәсімдеуді жүзеге асырады. Жеке оқу жоспарын білім алушы эдвайзер-кураторлардың көмегімен, типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сүйене отырып жасайды.

Аналитикалық бөлім

Студентке бағытталған оқыту білім алушылардың мотивациясын арттыруда және барлық деңгейлердегі ББ-ны дамытуда үлкен маңызға ие.

Студенттік орталықтандырылған оқыту білім беру бағдарламасы бойынша студенттің өздік жұмысына белгілі бір жүктеме беріледі. Осындай жұмыстың түрлерінің тізімі пәннің мақсаты мен мазмұны бойынша анықталатын әртүрлі тапсырмаларды (рефераттар, емтихандар және т.б.) орындауға мүмкіндік беретін міндетті элементтерді қамтиды (сабақтың барлық түрлеріне дайындық, бағдарламаның жекелеген тақырыптарын өз бетінше зерттеу, бақылау шараларын дайындау).

Студенттер бағалау критерийлері, емтихандар және басқа да бақылау түрлері туралы хабардар бола алады. Студенттер ЖОО-дағы студенттердің білімін бағалау критерийлерімен, GRA есептеу әдістемесімен, емтихан тапсыру ережелерімен, апелляцияға өтініштерді қабылдаумен, электронды кітапханамен және т.б. таныса алады.

Аккредиттелген білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамсыздандырылуы пәндердің оқу-әдістемелік кешенінде толығымен қамтылған. Оқу-әдістемелік кешен оқытушымен жасалады және жыл сайын жаңартылады.

Студенттер үшін заманауи кәсіби деректер қорына, ақпараттық анықтамалыққа және іздеу жүйелеріне қол жетімділікті қамтамасыз етілген. Кітапхана қоры пәндер бойынша баспа және электрондық оқу әдебиеттерімен жабдықталған. Қосымша әдебиеттер қорына ресми нормативтік, анықтамалық-библиографиялық, монографиялық және мерзімдік басылымдар кіреді.

Сындарлы оқыту технологиясы бойынша қолданылатын интербелсенді оқыту барысында білімді меңгертуде 50 минутты үнемдеу үшін сабақтың оқу мақсатына сай заманауи білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға бағыттайтын әдіс-тәсілдер іріктеліп қолданылады. Пәндерді жүргізуде интерактивті оқыту төмендегідей жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады: топтық, жұптық, бірлескен жұмыстар, проблемалық, ізденіс жұмыстары, рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (дәріс, интернет желісі және т.б.).

Жаңа сабақты меңгерту барысында, мәтінді тезарада түсіну мақсатында «Инсерт», «Алдаша», «Аквариум» әдістерін қолданып, Жаңа сабақты бекіту барысында «Постер құру», «Кластер жасау», «Интервью», «Дөңгелек үстел», «Рөлдік» ойындар, «б-неліктен?», «Пирамида құру» әдістерді пайдаланылады. Студент білімін бағалауда әр пән бойынша силлабуста бағалау критерийлері айқын көрсетілген, кері байланыста өзіндік бағалау, бірін-бірі бағалау, комментарий жазысу әдістері кеңінен қолданылады.

Ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу барысында кафедра оқытушылары бір-бірімен тәжірибе алмасады. Ұсыныс, пікірлерін білдіреді. Кафедраның оқу-әдістемелік семинарында жаңашыл оқытушылар оқыту әдістерін үйретеді, тәжірибелерімен бөліседі. Кафедрада білім беру сапасы мен профессор-оқытушы құрамының кәсіби күзіреттілігін арттыру және олардың педагогикалық шеберліктерін дамыту үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған айқын жұмыс жүйесі қалыптасқан. Білім мазмұнын жаңарту мақсатында арнайы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталықтарынан мамандар шақырылып

семинарлар ұйымдастырылады. «Ә.Қоңыратбаев», «Ә.Кекілбаев», «Н.Жүнісов», №101 дәрісханалар интербелсенді тақтамен, техникалық құралдармен жабдықталған. Жаңартылған білім беру мазмұны курсынан өткен оқытушылар сабақтарына қатысу, тәжірибе алмасу оңтайлы жолға қойылған. 6B02336-филология мамандығы білім алушыларына 6- академиялық кезеңде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәндері оқытылса, 8-академиялық кезеңде «Конструктивті оқыту әдістері» пәні өтеді.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде білім алушылар ақпараттық-білім порталы (E- Univer) арқылы жұмыс жүргізеді. Бұл порталда қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша білім үдерістерін ұйымдастыратын оқу-әдістемелік және әкімшілік-академиялық ақпарат, желілі-ұйымдастырушылық және Internet қызметтерінің жиынтығы қамтылған. Сол бөлімдер бойынша білім алушылар анықтамалық мәліметтерді, әдістемелік нұсқаулықтардың электронды нұсқасын, университеттің жаңалықтары мен мақсаттарын, үлгірім көрсеткіштерін, оқу үдерісінің кестесін, оффлайн және онлайн режимдерінде өтетін сабақтардың кестесін, семестр бойынша емтихан кестесін, пәндер бойынша тапсырмалар туралы ақпарат ала алады.

Басшылық мүмкіндігінше білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді, сол арқылы оларға оқытудың икемді траекторияларын (мысалы, жүкті әйелдерге, емшек балалары бар студенттерге, мүгедектерге) ұсынады. Студенттер мен ата-аналармен тұрақты негізде кері байланыс орнатылды. Алайда, мүмкіндігі шектеулі студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету және инклюзивті білім беру шеңберінде арнайы іс-шаралар жүргізуді қолға алу, оқу корпустарында көзі нашар көретіндерге арналған жолақтар жасау ұсынылады. Сондай-ақ жұмыс берушілермен сұхбат барысында университетте көптілділікке мән беру ұсынылды.

Күшті жақтары

Оқу жоспарларындағы пәндерді оқытудың тиімділігін, студенттердің оқу жұмысына сәйкес семестр бойынша пәндердің сабақтастығы;

■ Университет басшылығы білім алушылар үшін жайлы аудиториялық қор ұсынған; оқытушылар мен ғылыми жетекшілердің қолдауымен білім алушылардың өздігінен оқуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған;

Студент білімін бағалауда әр пән бойынша силлабуста бағалау критерийлері айқындалған, кері байланыстың түрлі формалары қарастырылған;

ПОҚ біліктілікті арттыру үдерісіне белсенді қатысады.

ССК ұсыныстары

- білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды қамтамасыз етуі, оларға оқытудың икемді траекторияларын қарастыруы, оқу корпустарында көзі нашар көретіндерге арналған жолақтар жасауы тиіс;

- үш тілде оқытылатын көптілді топтарды қалыптастыра отырып, көптілді білім беруді кеңінен енгізу.

«Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 6-күшті, 3-қанағаттанарлық, 1-түзетуді қажет етеді.

6.6 «Білім алушылар» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Университет ҚР заңнамасына сәйкес білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын жүргізеді және талапкерлерге жоғары оқу орны мен білім беру бағдарламасын таңдау принципін негізделген. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат студенттердің "өмірлік циклінің" белгіленген, жарияланған және қолданылатын ережелеріне әсер етеді.

Құжаттарды қабылдау бойынша қызметті үйлестіруді университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университет ректоры болып

табылады. Университетке азаматтарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) әзірлеген ережелер мен рәсімдер бойынша өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады (2018-2019 оқу жылына бакалавриатқа қабылдау ережесі).

Шетелдік азаматтарды университетке қабылдау мемлекетаралық келісімдер негізінде, сондай-ақ ақылы негізде құрылған Халықаралық жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бөлінген квота бойынша жүзеге асырылады.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасында білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты ББ шегінде оқуға түскеннен бітіргенге дейінгі барлық кезеңде жүргізіледі. Жыл сайын Гуманитарлық-педагогикалық институты бойынша профессор-оқытушылардың кәсіби бағдар беру жұмыстарының жоспары жасалып, жүзеге асырылады. Университет көлемінде арнайы жұмыс тобы құрылып, облыс және қала мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

Университет сайтында (www.korkyt.kz) университет жайлы видеороликтер мен ББ бойынша болашақ маманның кәсіби аясы белгіленген білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат енгізілген. Сонымен қатар, кеңестер беріледі, ҰБТ пәндері бойынша әлеуетті талапкерлердің байқау тестілеуі өткізіледі, тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттерін қалыптастыру үшін психологиялық тренингтер ұйымдастырылады. Студенттер контингентін қалыптастыру саясаты қабылдаудың нормативтік талаптарынан, кәсіптік бағдар беру жұмысының формаларынан, университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы жұртшылықты ақпараттандырудан, әлеуметтік қолдау тетіктерінен тұрады, соның ішінде оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер, жатақханаларда тұру үшін қолжетімді тарифтер, демалыс лагерлерінде тынығу, студенттік тұрмыстық кешен қызметтері үлкен роль атқарады. Талапкерлердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетинг, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары университет сайтында орналастырылған. Сондай-ақ болашақ студенттер үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі. Университетте қажетті контингентті тарту үшін білім беру қызметтерінің нарығы зерттеледі, білім беру бағдарламасының бейіні бойынша ұйымдар мен кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасалады, университеттің жарнамалық қызметі жетілдіріледі. Университет сайтында «Талапкер» навигациясында талапкерлерге қабылдаудың типтік ережелері, ЖОО-ға түсушілерге арналған құжаттар тізбесі, дайындық бағыттары бойынша мамандықтар тізбесі туралы ақпарат бар.

Кафедраның оқытушылары тарапынан үнемі облыс, қала көлеміндегі мектептерде дарынды балаларды қолдау, іріктеу мақсатында түрлі білім сайыстары, конференциялар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары онлайн, офлайн режимде өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Айтбева 26.02.2020 жылы Жаңақорған ауданы Жайылма ауылындағы №195 мектеп пен он магниттік мектеп оқушылары арасында Д.Досжанның «Фараби» повесі бойынша онлайн конференция өткізді(<https://www.facebook.com/100015424426009/posts/772192473304893/?d=n>).

Кафедраның профессор-оқытушылары мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік етеді. 2016 оқу жылында доцент А.Айтбаеваның жетекшілігімен Қармақшы ауданының № 109 орта мектебінің оқушысы П.Бижанова «Д.Досжан романдарындағы Елбасы бейнесі» тақырыбында республикалық «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының күміс жүлдесін иеленіп, А.Жайшылықұлы «А.Егеубаев поэмаларындағы тәуелсіздік идеясы» тақырыбындағы ғылыми жобасы республикалық конкурста алтын жүлде иеленді. Аталған оқушылар кейін осы кафедра ББ-ы бойынша оқуға қабылданды. 2018 жылы Жалағаш ауданы № 273 мектептің оқушысы А. Сланова «Ш.Мұртазаның «Тамұқ» романындағы әке мен бала трагедиясы» тақырыбында ғылыми жоба қорғап қол медаль

иегері болды. Бұл кафедраның ПОҚ –ның дарынды оқушыларды қолдаудағы жемісті еңбегі.

Студенттер контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы, азаматтардың жеке қаражаттары, басқа да көздер есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады. Оқуға жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімделу және қолдау бойынша барлық жағдай жасалған, түрлі кеңестер, тілдік курстар ұйымдастырылған.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ бакалавриатына оқуға түсу үшін мектеп түлектері күндізгі бөлімге, колледж түлектері күндізгі және қашықтықтан оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ, жеделдетілген оқу түріне құжат тапсыра алады. Бакалавриат бағдарламасына үміткерлер бірыңғай ұлттық тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) қорытындысы бойынша шекті балл жинаған жағдайда түсе алады.

Бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламаларына түсудің ережелері мен талаптары, қажетті құжаттар тізімі, мамандықтардың тізімі, қабылдау емтихандары мен емтихан кестелері, нормативтік құжаттар, хабарландырулар және т.б. университеттің ресми сайтындағы «Талапкер» бөлімінде (www.korkyt.kz) орналастырылады. Сондай-ақ, мамандықтар тізімі, құжаттарды қабылдау және университетке түсу үшін жеңілдіктердің тізімі облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», университетішілік «Сыр түлегі» газеттерінде жарияланады. «Қызылорда», «Қоғам-ТВ» телеарналарында жарнамалық роликтер мен жүгіртпе жолдар, хабарландырулар көрсетіледі. Студенттердің әлеуметтік жағдайы ескеріледі, «Алтын белгі» иегерлері мен әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге жеңілдіктер қарастырылған, студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етіледі.

6В02336- қазақ филологиясы, 7М0236-филология білім бағдарламасы білім алушыларына арналған Ә.Кекілбаев атындағы №105, Ә.Қоңыратбаев атындағы №131 және №101 дәрісханалар мамандыққа қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен, интерактивті тақта, проектор және ғаламтор желісіне қосылған компьютермен, жылжымалы тақталармен жабдықталған. Университетте дарынды білім алушыларды қолдау жүйелі түрде жүргізіледі. Дарынды студенттерді анықтау, олардың шығармашылық қабілетін шыңдау, қолдау көрсету мақсатында жыл сайын дәстүрлі «Біз таланттарды іздейміз» байқауы өткізіледі. Байқау жеңімпаздары моральдық-материалдық тұрғыдан ынталандырылады.

Кафедрада дарынды балаларды анықтау мақсатында мәліметтер базасы жасалып, жыл сайын жаңартылып отырады.

Білім алушыларды республикалық, облыстық деңгейде өтетін түрлі шараларға университет арнаулы қаржы есебінен жібереді. Мәселен, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткізілген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ІХ Республикалық пәндік олимпиадасына қатысқан Фил-15-1 оқу тобының студенттері П.Мұхат, А.Ниязбек, Г.Бақытова жүлделі ІІІ орынды иеленді. Осы олимпиаданың екінші кезеңінде “Ең үздік эссе” номинациясын алды.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ базасында өткен ХІ халықаралық ғылыми конференцияға Фил-16-1 оқу тобының студенттері Б.Қалдыбаева, Н.Олжас, Н.Әбдікәрім қатысып, “Филология және инновация ” тақырыбындағы ғылыми жобасы Қорқыт командасы Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ І дәрежелі дипломымен, “Академик Рымғали Нұрғали” номинациясымен марапатталды.

6М020500-филология мамандығы бойынша білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұдайы айналысады. Профессор-оқытушылармен бірлескен білім алушылардың ғылыми-зерттеу мақалалары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланып отырады. Олар: ф.ғ.д., профессор Ж.Сәдуақасұлы мен Фил-16-1м оқу тобының магистранты Маханбетова Айдана Мухымбайқызының «Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы» тақырыбындағы мақаласы «Обстоятельство исследования восклицательных предложений казахского языка» атты мақаласы «The study

if exclamation sentences of the Kazakh language. №1, (116), 2017 Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысында жарық көрді.

Оқу орнында республикалық, облыстық пәндік олимпиадалардан, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарынан, спорт, өнер салаларында жетістікке жеткен студенттерді Студенттер күні және өзге де атаулы мерекелерде университет ректорының Дипломымен, бір реттік шәкіртақымен, Алғыс хат және өзге де бағалы сыйлықтармен марапаттайды. Студенттердің кәсіподақ комитеті тарапынан дарынды жастарды қолдау тұрақты түрде жүзеге асырылады. Әр оқу жылының жазғы демалысында жетістікке жеткен белсенді студенттер Қазақстанның көрікті жерлеріне экскурсияға жіберіледі, сондай-ақ, демалыс орындарына арнайы жолдама беріледі.

Оқуда озат білім алушыларға 5-академиялық кезеңнен бастап, Президенттік және атаулы стипендиялар тағайындалады.

Кафедра білім алушылары ғылыми бейініне, өнер салаларына байланысты қабілеттілігі ескеріле отырып «Ә.Қоңыратбаев» атындағы әдебиет, «Тілтаным», «Журналист» үйірмелеріне тартылады. Аталған үйірмелерге осы салада білім алушы жастар ғана емес, университеттегі шығармашылыққа қабілеті бар кез кезген білім алушы мүше бола алады.

Университеттегі дарынды студенттерге эдвайзер-тәлімгерлер, ғылыми жетекшілер және бағыт беруші профессор-оқытушылар тарапынан үнемі қолдау көрсетіледі. Бұл олардың одан әрі қарай тұлғалық дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне және жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Эдвайзер-тәлімгерлер кафедрa меңгерушісінің ұсынысы бойынша университет ректоры университет ректорының бұйрығымен бекітіледі..

Университетте академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру ҚР Білім туралы Заңына және басқа да ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Академиялық алмасу серіктес мекемелер, халықаралық ұйымдар, қорлар мен басқа да ұйымдармен арнайы келісім арқылы жүзеге асырылады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерге тараптардың келісіміне сәйкес жеке оқу жоспары құрылады.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ академиялық ұтқырлықты ұйымдастырудың жалпы тәртібі «Академиялық ұтқырлық туралы» Ереже негізінде жүзеге асырылады.

Студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етудің мақсаттары, міндеттері және жалпы ережелері Болон декларациясының негізгі қағидаларына бағынады.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы бойынша қазақстандық ЖОО-да академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алушылар:

№	Білім алушының аты-жөні	Мамандығы	Барған ЖОО/ мемлекеті	Оқу жылы, мерзімі
1	Омарова Құралай	6В02336-филология	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	2018-2019 оқу жылы, 6-академиялық кезең
2	Сагнадиннова Жансая	7М02336-Филология	А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	2018-2019 оқу жылының 1-академиялық кезеңі

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы бойынша шетелдік ЖОО-да академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алушылар:

№	Білім алушының аты-жөні	Мамандығы	Барған ЖОО/ мемлекеті	Оқу жылы, мерзімі
1	Махамбетова Айдана	6M020500-Филология	Польша Республикасы Силезия университеті	2017-2018 оқу жылы, 3-академиялық кезең
2	Әлиарыстан Айдана	6M020500-Филология	Польша Республикасы Силезия университеті	2017-2018 оқу жылы, 3-академиялық кезең

Оқу орны ББ бойынша білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы бойынша білім алуын, сондай-ақ олардың сыртқы гранттарды иемденуіне мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Практикадан өтетін мекемелер ББ профиліне сәйкес келеді, барлық практикалар оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген.

ЖОО түлектердің жұмыспен қамтылуын Құзыреттілікті дамыту және жұмыспен қамту бөлімі жүзеге асырады. Жыл сайын аталған бөлім мен мамандық шығарушы кафедра Қызылорда қаласы әкімдігімен, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесе отырып, жыл сайын бос орындар жәрмеңкесін өткізеді. Нәтижесінде аккредиттеуге ұсынылған ББ түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші – 100 пайыз.

Дарынды жастарды қолдау және дамыту үшін оқу орнында КТА «Жайдарман» клубының жастары «Ақиқат» клубының турнирлері, «KMU MIND» және «IQ CUP» зияткерлік интеллектуалды ойындары тұрақты түрде өткізіледі.

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті түлектерінің Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысының әділет Департаментінің 2009 жыл 07 желтоқсан күнгі 7920-1933-ҚБ нөмірлі тіркеу куәлігі негізінде жұмыс жүргізеді.

Аналитикалық бөлім

Бітіруші кафедраға бару және құжаттарды қарау нәтижесінде ССК мүшелері университетте контингенттің өсу динамикасы, жұмысқа орналасу пайызы жоғары екенін растады. Комиссия білім алушылардың сыртқы ұтқырлығын жүзеге асыруда оң үрдісті атап өтеді. Білім алушылар оқытудың сапасына, академиялық кеңес берудің қол жетімділігіне; Денсаулық сақтау қызметтерінің қол жетімділігіне; кітапхана ресурстарының қол жетімділігіне; қолданыстағы оқу ресурстарына; оқу бағдарламаларының жалпы сапасына 93 пайыз қанағаттанады, 7 пайызы ғана жауап беруге қиналамын деп көрсетті.

Университетте студенттердің оқудан тыс іс-әрекетінде дамуы үшін мүмкіндіктер жасалған: спорттық секциялар, қызығушылықтары бойынша клубтар, студенттік театр, фольклорлық ансамбль, студент тұлғасының физикалық, адамгершілік, эстетикалық, кәсіби дамуына ықпал етеді. Мысалы, студенттер «Тілтаным», «Ә.Қоңыратбаев» үйірмелері мен «Сыр сымбаты» спорттық клубы, «Жауһазын» студенттер театры, «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубына және т.т. белсене қатысады. Дарынды оқушыларды дамытуға, шығармашылық қызметке деген қызығушылықтары мен бейімділігін ескере отырып, олардың білімін дараландыруға баса назар аударылады. «Қыран» еріктілер отряды, «Ақиқат» саяси дебат клубы, «Dream club» интеллектуалдық клубы сияқты клубтарға қатысып, қоғамдық өмірге де белсене қатысады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Халықаралық конференцияларға, жақын және алыс шетелдерде, Қазақстанда

ғылыми конкурстарға қатысу, мақала жариялау белсенділігі артуда. Дарынды оқушыларды қолдау тетігін жүйелеу ұсынылады.

Күшті жақтары

- Білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау жұмысының жүйелілігі,
- оқуға жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімделу және қолдау бойынша жағдайлардың жасалуы,
- білім алуға қажетті материалдық-техникалық жағдайы мен жоғары кадрлық әлеует;
- студенттердің әлеуметтік жағдайын ескеру, жатақханамен толық қамтамасыз етілуі;
- ББ басшылығы оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларының болуы,
- студенттердің алыс және жақын шетелдерде, Қазақстанда өтетін халықаралық конференцияларға, студенттік ғылыми-зерттеу конкурстарына белсенді қатысуы.

6B02336-филология, 7M02336-филология білім беру бағдарламаларын «Білім алушылар ағалау» стандарты бойынша ССК ұсыныстары

Кафедрада бірнеше ғылыми жобалар жүзеге асуда, мұндай жобаларға студенттер мен магистранттардың да қатысуына мүмкіндік жасау.

6B02336-филология, 7M02336-филология білім беру бағдарламаларын «Білім алушылар» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 9-күшті, 5-қанағаттанарлық, 0-түзетуді қажет етеді.

6.7 «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты Дәлелдеу бөлімі

Қызметкерлерді іріктеу және олардың біліктілік дәрежесіне сәйкестігін анықтаумен, университет ректоры бекіткен құрылымдық бөлімшелер туралы Ережеге және ҚР бекіткен заңнамалар мен ЖОО нормативті актілеріне сүйене отырып, құрылымдық бөлімше басшыларымен бірге кадр бөлімі айналысады.

Университетте қызметкердің атқарып жүрген қызметіне сәйкестігін және олардың өздерінің қызметтік міндеттерін өз дәрежесінде орындауына қатысты аттестация жүргізіледі.

Университетте объективті және айқын кадр саясаты, оның ішінде білім беру бағдарламалары аясында кәсіптік өсу және тұлғалық даму, барлық штаттың кәсіби құзыреттілігі қамтамасыз етілген. Кадрларды іріктеу білім беру бағдарламасының қажеттіліктері негізінде іске асырылады, ол жұмыстар Қазақстан Республикасы заң актілері және ішкі нормативті құжаттар: ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы заңы», ҚР БҒМ нормативті-құқықтық актілері, профессор-оқытушылар құрамы мен ЖОО ғылыми қызметкерлерін конкурстық ауыстырулардың ережесі, УСТ-6.01-17 «Оқытушыларды оқу үдерісіне тарту тәртібі», ПО 0.05-17 «Қорқыт ата атындағы ҚМУ құрылымдық бөлімшелері туралы ереже», Ұжымдық келісімшарт, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың кадрлық резерві туралы ережесі негізінде жүзеге асады. Мысалы, кафедра кадр саясатын жүзеге асыруда университеттің стратегиялық даму жоспарына басымдық береді, ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау және қайта даярлауда мақсатты түрде жүргізіледі. ПОҚ-ты жасақтауда кафедра өздері дайындаған магистранттар мен докторанттар ішінен ғылыми-педагогикалық қызметке қабылдайды. Мәселен, магистр-оқытушы Қ.Сүйінтаева осы кафедрада магистратураны тәмамдаса, А.Төлебаева, А.Жолмаханова, А.Оразова докторантураны аяқтап, оқытушылық қызметтерін жалғастыруда. Соның ішінде А.Жолмаханова докторлық диссертациясын қорғап, философия докторы (PhD) дәрежесін алды.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы 24 штаттық бірлікті құрайды. Кафедрада барлығы 27 профессор-оқытушы еңбек етеді. Кафедрадағы профессор-

оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесі мен атағы барлардың үлесі - 87,5%. Кафедрада 3 ғылым докторы, 19 ғылым кандидаты, 1 Философия докторы (PhD), 5 ғылым магистрі қызмет жасайды. Барлығы кафедра мамандығына сай.

Кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы білім беру саласындағы қызметтері үшін түрлі марапаттарға қол жеткізген.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – 1;

ҚР Білім беру ісінің үздігі – 4;

Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері – 1;

ҚР БЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері – 1;

ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері – 2;

ҚР БЖҒМ Құрмет грамотасының иегерлері – 4;

«Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медаль иегері – 1;

«ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медаль иегері – 2.

ПОҚ білім беру бағдарламасының кадрлық саясатының талаптарына сай келеді. Ол төмендегі кестеден байқалады. Оқытушылардың жалпы санына шаққанда штаттағы оқытушылардың үлесі – 100%. Ғылыми дәрежесі барлар мен атағы бар оқытушылардың орта жасы - 50.

Сапалы ПОҚ құрамын қалыптастыру басым бағыттардың бірі ретінде университеттің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарында көрініс тапқан. Қосымша 7.2

ББ қызметкерлеріне қойылатын талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалған, ол нұсқаулықтар «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарды даярлау және басқару тәртібі туралы ереже» ПО 0.06-14-ке сәйкес педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген лауазымдардың типтік біліктілік мінездемелері негізінде даярланған. Барлық кадрлық шаралар бұйрықтарда көрініс тапқан және университеттің тиісті қызметкерлеріне дер кезінде хабардар етіледі.

Кафедрада ББ басқару студентке бағытталған білім беруге көшкендігін оқытушы рөлінің өзгеруінен көрінеді. Осыған байланысты оқытушылардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға ықпал ететін әлеуметтік қолдаудың кешенді шаралары жасалған:

- алғыс жариялау;

- ерекше еңбегімен көзге түскен ПОҚ-қа арнайы сыйақы тағайындау;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған мақалалары үшін сыйақы беру;

- медициналық қызмет көрсетуге, «Сейхун» спорт-сауықтыру кешеніндегі тренажерлік залды, бассейнді, барлық оқу ғимараттары мен жатақханалардағы интернет-каналдарды тегін қолдану;

- лауазымдық қызметіне төленетін бюджеттен тыс үстемақы, электронды оқулықтарын техникалық жағынан тегін рәсімдеу және мемлекеттік тіркеу, университеттің ғалымдар үйінде пәтер беру де жатады.

Университеттің даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарды жүзеге асыруда кафедра оқытушылары өз үлестерін қосуда.

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігі жоғары. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы негізінде кафедра профессоры Б.Кәрібозұлының «Сыр сүлейлері шығармаларының тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік ел» рухында жырлануы» тақырыбында (Жоба құны-15 000 000 тг), «Аймақ эпиграфикасы: рухани жаңғыру және сабақтастығы (Қызылорда облысы материалдары бойынша)» (Жоба құны-19 605 973 тг) кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к. Ғ.Тұяқбаевтың «Қазақ эмигранттарының естеліктері: жанрлық, стильдік ерекшелігі және тарихи маңызы» тақырыбында (Жоба құны-14 181 321 тг) ғылыми жобалары жүзеге асырылуда. Аталған жобалар бойынша

кафедра оқытушылары ф.ғ.к., К.Қамзаева, К.Сарышова, п.ғ.к., аға оқытушы Г.Камишова, аға оқытушы А.Жолмаханова жұмыс тобында зерттеу жұмыстарын жүргізеді. ЖОО ПОҚ-тың қызметтік өсу мен ББ кәсіби дамуына мүмкіндік жасап, қолдап отырады.

2014-2019 оқу жылы аралығында кафедраның 35 профессор-оқытушысы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ-да білім жетілдіру курстарынан өтсе, 2018-2019 оқу жылының 1-академиялық кезеңінде жаңартылған білім беру мазмұны аясында кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к. Ғ.Ә.Тұяқбаев, кафедраның қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к. А.М.Абасилов Астана қаласы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында біліктіліктен өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы бірқатар қазақстандық және шетелдік ЖОО әріптестік байланыс орнатқан. Нәтижесінде серіктес ЖОО-дан профессор-оқытушыларды шақырту, тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі жүргізіледі (Өзін-өзі бағалау есебі, 103-104 бб.).

Аналитикалық бөлім

Білім бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәріс жүргізетін ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті жоғары, оқу үдерісіне практик-оқытушыларды тарту талап етілген критерийге сәйкес келеді.

Кафедра оқытушыларының ғылыми әлеуеті, зерттеу жұмыстарын орындауы, ғылыми жобаларға қатысу деңгейі жоғары жоспарға сай орындалуда. Ғылыми жұмыстар үш бағыт: тіл білімінің жаңа бағыттары мен өзекті мәселелері, әдебиеттанудың өзекті мәселелері және қазақ журналистиканың өзекті мәселелері бойынша жүргізілуде. Аккредиттелетін мерзім аралығында профессор-оқытушылар халықаралық, республикалық және облыстық көлемде өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап, мақалалары жинаққа жарияланған. Бірақ соңғы жылдары жарияланым көрсеткішінің төмендеу үрдісі байқалады. Айталық, ПОҚ-тың 2016-2017 оқу жылындағы барлық жарияланым саны -71, 2017-2018 жылы – 83, ал 2018-2019 оқу жылы – 23 (Өзін-өзі бағалау есебі, Кесте, 124-бет). ССК оқытушылардың жарияланым белсенділігін арттыруға қатысты іс-шаралар жоспарын қайта қарап, жетілдіруді ұсынады.

Кафедрадағы ББ жас оқытушылардың дамуы бойынша мақсатты бағытталған әрекеттерді қамтамасыз етеді. Кафедраның аға оқытушылары, ғылым магистрлері А.Оразова, А.Әбдіразақова университеттің 6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына мемлекеттік грант негізінде Phd докторантураға қабылданған.

ББ-н жүзеге асыруда отандық және шетелдік ЖОО-мен ынтымақтастық орнатылған: Гази университеті (Түркия), М.Әуезов атындағы әдебиет институты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, КИМЭП (23 (Өзін-өзі бағалау есебі, Кесте, 102-103 бб.).

Кафедраның ББ оқытушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына, оның ішінде ғылыми жұмыспен айналысуы мен білім алуына, сондай-ақ оқытуда инновациялық әдістерді пайдалануына қарай көтермелеу жолға қойылған. Бұған қатысты мәселелер оқытушылармен жүргізілген сұқбат және сауалнама алу барысында да дәлелденді. «ЖОО ПОҚ әлеуетін үздіксіз дамытуға мүмкіндік бере ме? ПОҚ инновациялық қызметі қалай ынталандырылады? Оқытушылардың әлеуеті мен қабілетін тану адекваттылығын бағалаңыз» сияқты сұрақтарға ПОҚ оң баға берген. Бірақ «Сіз өз жұмысыңызда қандай мәселелерге жиі тап боласыз?» деген сұраққа сұралғандардың көпшілігі «аудиторияларда техникалық құралдардың болмауы» деп көрсеткен (50 пайызы – кейде, 15,4 пайызы жиі). Бұл өз кезегінде ББ басшыларының аталған мәселеге назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Күшті жақтары

Кафедрадағы академиялық ұтқырлық жоғары білім сапасын жақсартуға, зерттеудің тиімділігін арттыруға, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнатуға және әлемдік білім беру ресурстарын пайдалануға бағытталған.

Университетке отандық және шетелдік ғалымдарды тарту мақсатындағы жұмыс серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық барысында жүзеге асырылады.

Оқытушылардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға ықпал ететін әлеуметтік қолдаудың кешенді шаралары жасалған.

ССК ұсынысы

ПОҚ-тың аудиторияларда заманауи АКТ құралдарын үнемі қолдануына жағдай жасау.

«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 3-күшті, 6-қанағаттанарлық, 0-түзетуді қажет етеді.

6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты Дәлелдеу бөлімі

Мамандықтың ББ қажетті материалдық-техникалық ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Мамандықтың материалды-техникалық базасын жаңалау мен жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп отырады. Айталық 6B02336 (5B020500)-филология, 7M02336 (6M020500)-филология ББ бойынша білім алушылар университеттің әлеуметтік-мәдени, спорттық нысандарын пайдалануға толық мүмкіндіктері бар. 456 орындық (1900,3 м²) Студенттер сарайы, жалпы көлемі 7157 м², болатын студенттерге арналған жатақхана, №1 оқу ғимаратындағы асхана, «Сыр Сымбаты» спорт клубы (1190 м²), Сейхун» спорт кешені 44x25 м (1100 м²), бассейн 11x25 м (275 м²), №1 оқу ғимаратындағы спортзал, медициналық пункт, тарихи және этнографиялық мұражай т.б. білім алушылар үшін қызмет жасайды.

Университетте аумағы 50953,5 шаршы метрді құрайтын 10 оқу корпусы, спорт залы, жақсы жабдықталған жатақханалар бар. 1344 орынды құрайтын 4 жатақхана және 59 пәтерлі оқытушыларға арналған жатақхана бар.

Университеттің жабық спорт алаңдарының ауданы 6486,7 шаршы метрді құрайды, олардың құрамына 7 спорт залы және жаттығу залы, бассейн, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, жалпы аумағы 8411 шаршы метрді құрайтын 5 ашық спорт алаңы білім алушылар үшін жұмыс жасайды.

Жалпы алаңы 3247,7 шаршы метрді құрайтын 770 орындық 7 асхана бар. Сонымен қатар университетте студенттерге алғашқы медициналық көмек көрсету және алдын-алу профилактикалық жұмыстарын жүргізетін қажетті медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызылорда қаласының №1 емханасының медициналық қызметкерлері арнайы келісімге сәйкес орталықта қызмет көрсетеді.

Университеттің әскери кафедрасының оқу-тактикалық жұмыстарын жүргізуге арналған алаңы 75 гектарды құрайды. Мұнда әскери штаб, санитарлық орын, 300 адамға арналған асхана бар. Сонымен қатар мұнда 400 м тереңдіктегі ұңғымалы су құбыры, 25 м³ сыйымдылығы бар сорғытқыштар орнатылған.

«E-Univer» ақпараттық-бағдарламалық кешені негізінде білім алушыларға қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қызмет көрсетіледі. Білім беру процесіндегі барлық құжат айналымын «E-Univer» бірегей бағдарламалық пакеті жүзеге асырады. Әрбір семестрден кейін студенттердің транскрипті автоматты түрде «E-Univer» бағдарламасы арқылы беріледі. Онлайн режиміндегі бағдарлама ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджменті бірыңғай жүйесіне (ESMS) 23 параметр бойынша деректер базасын беруге мүмкіндігі бар.

Университетте «Бір терезе» қағидасы бойынша білім алушылар мен қызметкерлерге қажетті кеңес беру және өзге де қызмет көрсету мақсатында орталық жұмыс жасайды. Бұл орталық білім беру үдерісінің ақпараттық ашықтығын дамыту, қызметтерді

оңтайландыру, өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімсіз орта қалыптастыру мақсатында құрылған.

Тіркеуші офисі университет бойынша білім алушылардың контингентін қадағалау, компьютерлік базаға енгізіп отыру, білім алушылардың сапалы білім алуын қадағалау, академиялық күнтізбенің орындалуын бақылау, белгіленген кесте бойынша аралық бақылау, белгіленген сынақ-емтихан сессиясының өтуін ұйымдастыру және өту барысын қадағалау, білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау, орта балын есептеу, келесі курсқа көшіру, курсты қайта игеруге қалдыру туралы бұйрықтар жобасын дайындау сияқты жұмыстарды атқарады.

Университеттің ресми Web-сайты бар (www.korkyt.kz). Оған қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде университеттің тарихы, миссиясы, стратегиялық даму жоспары, сапа саясаты, факультеттер мен оның құрылымдары жайлы, оқытушылар мен университеттік жарыстар туралы ақпарат кіреді. Сайтта халықаралық жобалар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы, порталдар туралы да дерек алуға болады. Сайтта «Университет», «Құрылым», «Факультеттер», «Оқыту», «Ғылым», «Жаңалықтар», «Әлеуметтік белсенділік», «Баспасөз қызметі», «Талапкер» деген бөлімдер бар. Онда жаңалық түрінде жедел ақпарат, басқа веб-ресурстарға сілтемелер, мемлекеттік органдардың сайттары, университет серіктестері, ақпараттық порталдар және т.б. бар.

Университеттің www.korkyt.kz сайты университет имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Талапкерлерге, студенттердің ата-аналарына, жұмыс берушілерге, оқу орны түлектеріне және университет қызметкерлеріне ақпараттық ортаны қамтамасыз етеді. Нақтырақ айтсақ, ғаламдық Интернет желісіндегі қоғам үшін ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігін басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды. Сонымен қатар, ресми сайттан бөлек университеттің [Facebook](https://www.facebook.com/korkyt.kz), [Vkontakte](https://www.vk.com/korkyt.kz), [Instagram](https://www.instagram.com/korkyt.kz) әлеуметтік желілерінде өз парақшалары бар.

Қазіргі кезде университет басшылығымен қарым-қатынас жасауда ешқандай қиындықтар жоқ. Блогтар, әлеуметтік желілер арқылы кез келген уақытта студент кафедра меңгерушісіне сұрақтар мен ұсыныстар жаза алады. Өз кезегінде, университет басшылығы проблемаларды шешу үшін өзінің барлық ресурстарын пайдаланады.

Университетте ақпарат жинау, бақылау, сондай-ақ оқу үдерісін басқару функцияларын орындауға мүмкіндік беретін «Platonus» бірыңғай корпоративтік ақпараттық желісі және E-UNIVER білім беру порталы жұмыс істейді. Бұл оқыту жүйесінің міндеттерін басқаруға тиімді. Пайдаланушылар оқу үдерісінің барлық қатысушылары болып табылады, олардың әрқайсысында логин мен пароль бар.

Аналитикалық бөлім

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және басқару бөлімінің «Студенттердің тұлғалық дамуы мен тәрбиесі үшін жасалған жағдайға студенттердің қанағаттанушылығы» тақырыбындағы әлеуметтік сауалнамасында студенттер мен түлектердің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сапасына қанағаттану дәрежесі туралы төмендегідей мәліметтер берілген:

№	Сұрақтар	Жауаптар		
		Толықтай қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын
1	Жатақханадағы тұрмыстық жағдайға	41%	41%	18%
2	Бос уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыруға	36%	41%	23%
3	Студенттер арасындағы өзара қарым-қатынасқа	66%	29%	5%
4	Оқытушылармен қарым-	68%	28%	4%

	қатынасқа			
5	Деканатпен қарым-қатынасқа	55%	36%	9%
6	Эдвайзер-тәлімгермен қарым-қатынасқа	73%	22%	5%

Сауалнама нәтижесі жатақханадағы тұрмыстық жағдайға, бос уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыруға көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді. ССК жүргізген сұхбаттар нәтижесі де білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескере отырып, материалдық-техникалық ресурстарды жетілдіруге мән беру керектігін дәлелдей түседі.

Университеттің материалдық-техникалық базасы мен оларды пайдаланудың нәтижесі жыл сайын дамып келеді. Білім бағдарламасы біліктілік талаптарына сәйкес тұрақты жаңартылып, материалдық-техникалық базасы кеңейтіліп отырады.

Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалар, ғылыми-техникалық кітапхана 9 радиорелейлері мен 5000 InfiNET Revolution, 6850 Alkatel және 6600 сериялы қосқыштар көмегімен бірыңғай корпоративтік желіге біріктірілген. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ғылыми-техникалық кітапханасы оқу орнының жетекші құрылымдық бөлімі. Ол электронды ресурстары бай, заманауи технологиямен және ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етілген ақпарат орталығы. Кітапханада Thomson Reuters, Springer, Elsevier компаниясының Scopus, электронды-кітапхана жүйелері «Лань», «Полпред» және отандық электронды кітапханалар РМЭБ (Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана) мен КазНЭБ (Қазақ ұлттық электронды кітапхана) деректер базаларын т.б. пайдалануға мүмкіндік жасалған.

Академиялық ұтқырлық үшін студенттер кеңес берушілерден, кафедра меңгерушілерінен және директораттан ақпарат алады. Барлық институттарда және кафедраларда студенттер тез ақпарат алмасу үшін әлеуметтік желінің хат алмасу қызметіне қосылған. Сонымен қатар университет «Хат жолдама» қызметі арқылы фокус-топтарға қажетті ақпарат, хабарландыруларды дер кезінде жібереді.

Ғылыми-техникалық кітап қорында 2 202 483 дана оқу және оқуәдістемелік, ғылыми әдебиет бар. Оның 49,6 пайызы, яғни 1 091 854 данасы – мемлекеттік қазақ тілінде.

Күшті жақтары

Барлық оқу ғимараттары, студенттік жатақханалар мен университеттің ғылыми-техникалық кітапханасы бірыңғай корпоративтік желіге оптикалық байланыстың көмегімен біріктірілген.

Ақпараттық ресурстар білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкес келеді.

ББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті.

ССК ұсыныстары

Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, бос уақытын ұйымдастыру және білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектердің, жұмыс істейтіндердің, шетелдік білім алушылардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық-техникалық ресурстар мен инфрақұрылымды дамыту.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 4-күшті, 3-қанағаттанарлық, 1-түзетуді қажет етеді.

6.9 «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Университет қоғамды ақпараттандыру үдерісін оқу орнының 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында көрсетілген миссиясының, мақсатының сапа саласындағы саясатының негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырады.

Университеттің қызметі және білім бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ақпарат Университеттің академиялық саясатына сәйкес www.korkyt.kz ресми сайтында жарияланған.

6В02336-филология, 7М02336-филология білім бағдарламаларының негізгі ерекшеліктерін, университеттің білім беру қызметін жұртшылыққа насихаттайды және ақпараттандырады. ББ бойынша барлық мәлімет университеттің ресми сайты арқылы қолжетімді.

<http://korkyt.kz/index.php/kz/bilim-beru/bakalavriat>;

<http://korkyt.kz/index.php/kz/bilimberu/magistratura>;

<http://korkyt.kz/index.php/kz/bilim-beru/doktorantura>.

Білім алушылар, талапкерлер және басқа да білім туралы ақпаратты қажет ететін тұлғаларға бағытталған түрлі іс-шараларға оқытушылар тұрақты және жүйелі түрде қатысып отырады. Соның ішінде негізгі кәсіби бағдар беру жұмысына ерекше көңіл бөлінеді.

Университетте жұртшылықты және мүдделі тараптарды ақпараттандырудың әртүрлі жолдары бар. Ақпараттарды төмендегі ақпарат көздерінен ала алады:

- қоғамды ақпараттандырудың негізгі арнасы (болашақ талапкерлер, ата-аналар, білім алушылар, түлектер мен жұмыс берушілер) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің www.korkyt.kz арнайы сайты;

- мамандық даярлаушы кафедра (<http://korkyt.kz/index.php/kz/component/k2/item/410>);

- ай сайын шығатын университеттің «Сыр түлегі» газеті;

- тоқсанына бір шығатын «Хабаршы» журналы;

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің талапкерлерге арналған Ашық есік күндері.

Университетте жыл сайын талапкерлер үшін ақпараттық-жарнамалық буклеттер, лифлеттер және «Сыр түлегі» газетінің «Талапкер» қосымшасы шығарылады. Сондай-ақ, университет, кафедра, мамандықтар туралы бейне-ролик дайындалып, жергілікті телеарналардан беріледі.

Талапкерлерді факультеттер мен мамандықтардан хабардар ету мақсатында оқу орнының әрбір ғимараттарының фойесінде ақпараттық тақталар, плакаттар, стендтер, баннерлер орналасқан. Сонымен қатар мектеп оқушыларына мамандықтардың презентациялары жасалып, бейне-роликтер көрсетіледі.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ туралы кез келген ақпарат университеттің құрылымдық бөлім басшыларының, кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының, проректорлардың келісімінен кейін ғана жаряланады.

Ақпараттар үш тілде құрылымдық бөлім басшылары мен проректорлардың бекітуімен ұсынылады. Ақпараттарды жариялауға келісімдер электронды почталар, ішкі құжат айналымы (АРМ жүйесі) немесе дайындалған макетке жауапты тұлғаның қолын қойдыру арқылы алынады.

Білім алушылар өздеріне тиесілі кез келген құжатты www.korkyt.kz сайтының «E-Univer» бөлімшесі арқылы электронды тапсырыс беру арқылы ала алады. Білім бағдарламасы және біліктілік беру туралы ақпараттар университеттің ресми сайтында қолжетімді және аталған сайттан «Ректор блогы» бөлімі арқылы талапкерлер, білім алушылар, ПОҚ құрамымен (<http://korkyt.kz/index.php/kz/component/k2/item/410>) және университет басшысымен байланыс жасай алады.

Университеттің қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін бағалау сауалнама, кері байланыс арқылы жүзеге асырылады.

Қоғаммен байланыс жасаудың негізгі түрлерінің бірі – білім бағдарламаларын жүзеге асырушы оқытушылардың жүйелі жүргізетін кәсіби бағдар беру жұмыстары. Кәсіби бағдар беру жұмыстары және студенттер контингентін қалыптастыру талапкерлердің жеке қызығушылығына, қабілеттілігіне қарай ғылыми негізделген әдістерді пайдалана отырып іріктеу арқылы жүргізіледі. Кәсіби бағдар беру жұмыстары білім бағдарламасына тапсырыс берушілер - қаланың, облыстың, республиканың білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарына бағытталады.

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамынан тұратын кәсіби бағдар беру тобы оқу орны басшысының бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес тұрақты түрде Қызылорда, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, Қытай Халық Республикасы (Үрімші) мен Өзбекстан Республикасындағы (Нүкіс) мектеп, колледж бітірушілеріне тұрақты түрде кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізеді.

6В02336-филология, 7М02336-филология білім бағдарламалары туралы толық ақпарат беру мақсатында университет кәсіби бағдар беру жұмысын түрлі бағытта ұйымдастырады. Жыл сайын Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректорының бұйрығымен ЖОО қызметі мен білім беру бағдарламалары туралы ақпарат беру мақсатында кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бекітіледі. Бекітілген жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар жүзеге асырылады:

1. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ білім беру бағдарламалары туралы қазақ, орыс тілдерінде ақпараттық буклеттер шығарылып, жыл бойы білім алушылар, университеттің үгітші топтары арқылы таратылады. Сондай-ақ ақпараттық буклеттер тұрғындар көп шоғырланатын жерлерге ілінеді.

2. Университеттің білім беру бағдарламалары, қабылдау ережелері туралы қазақ, орыс тілдеріндегі стендтер жыл сайын жаңартылады немесе қайта жасалады.

3. ЖОО-ға түсу туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жыл бойы жүргізіледі.

4. Университет жастарының «Сыр түлегі» газеті тұрақты түрде шығып тұрады.

5. Көршілес облыстармен қатар ҚХР (Үрімші), Өзбекстан (Нүкіс) мемлекеттерінде арнайы бекітілген кестеге сәйкес университет ПОҚ жасақталған кәсіби бағдар беру тобы ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

6. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың ресми сайтында (www.korkyt.kz) қабылдау ережелері, білім гранттары, оқу ақысы туралы мәліметтер орналастырылып, жүйелі түрде жаңартылып отырады;

7. Университеттің білім беру бағдарламалары және қабылдау ережелері туралы ақпараттар республикалық «Халық», облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», университеттік «Сыр түлегі» газеттеріне жарияланады. «Қазақстан-Қызылорда», «Қоғам ТВ» телеарналарында тұрақты түрде эфирден таратылып отырады.

Аналитикалық бөлім

ОП басшылығы ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін, оның ішінде БАҚ-тарды, ақпараттық және әлеуметтік желілерді кең жұртшылық пен мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін пайдаланады.

Комиссия мүшелері университет сайтында оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, іске асырылатын ББ шеңберінде объективті және өзекті ақпараттың болуын атап өтеді; ББ соңында біліктілікті беру мүмкіндігі туралы ақпарат; білім алушыларға ұсынылатын әр түрлі мүмкіндіктер туралы мәліметтер; ББ ПОҚ жетістіктері туралы ақпарат қамтылған.

Бұл ақпараттарды тарату үшін университет басшылығы төмендегі ресурстарды пайдаланады:

- университет басшыларының арнайы брифингтері мен баспасөз конференциялары;
- аймақтық телеарналар мен мерзімді басылымдар;
- университеттің «Сыр түлегі» жастар газеті;
- жұмыс беруші мекеме басшыларының дөңгелек үстелдері;
- жетістіктер көрмесі;

- бос орындар жәрмеңкесі;
- әлеуметтік желілер және жоғарыда аталған университеттің ресми сайты және т.б.
- ПОҚ пен білім алушылар Қорқыт Ата атындағы ҚМУ қызметі туралы жұртшылықты университеттің ресми сайты, Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», университеттік «Сыр түлегі» газеттері арқылы ақпараттандырып отырады. ПОҚ қалалық, облыстық білім басқармаларымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатқан. Мәселен, «Қызылорда» телеарнасындағы «Алқа», «Ақиқат алаңы», «Өмірдің өзі» бағдарламаларында кафедра оқытушылары Б.Кәрібозұлы, Ғ.Тұяқбаев, А.Абасилов, Ұ.Жанбершиева, А.Әбіловтер бірнеше мәрте эфирге шықты.

- Кафедра меңгерушісі Ғ.Тұяқбаев Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы бойынша «Хабар» телеарнасының тікелей эфирінде, профессор Б.Кәрібозұлы Қорқыт Ата мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енуіне байланысты «Қазақстан» ұлттық арнасына сұхбат берген.

- «Хабар 24» телеарнасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласына орай филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ.Тұяқбаев, Қызылорда телеарнасында филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ш.Бекмағамбетов сұхбат берді. Жергілікті телеарнада өткен «Өмірдің өзі», «Емен-жарқын» бағдарламаларында Абай шығармашылығына қатысты кафедраның профессор-оқытушылары А.Абасилов, С.Бақтиярқызы, Ұ.Жанбершиева қатысып, ұсыныс-пікірлерімен, ойларымен бөліскен. ССК қоғамды ақпараттандыру жұмысына білімгерлерді тарту, еріктілер қозғалысын жандандыруды ұсынады.

- ЖОО-ның қызметі, ББ-ның ерекшелігі мен жүзеге асыру барысы туралы ақпаратпен қанағаттануды бағалау сауалнама жүргізу, кері байланыс арқылы, сондай-ақ ректордың блогы арқылы жүргізіледі. АРТА ССК сапары барысында білім алушыларға сауалнама жүргізу нәтижесінде студенттердің курстар, ББ және академиялық дәрежелер туралы ақпараттандырылуымен қанағаттану дәрежесінің 100 % екендігін көрсетті.

Күшті жақтары

іске асырылатын білім беру бағдарламасының мақсаты, оқытудан күтілетін нәтижелер айқын;

білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік туралы білімгерлер толық ақпарат ала алады;

оқыту тәсілдері, сондай-ақ бағалау жүйесі (рәсімдері, әдістері мен формалары) айқын.

ССК ұсыныстары

Қоғамды ақпараттандыру жұмысына білімгерлерді тарту, еріктілер қозғалысын жандандыру қажет.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 7-күшті, 3-қанағаттанарлық, 0-түзетуді қажет етеді.

6.10 Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар

Дәлелдеу бөлімі

Аккредиттелетін білім беру бағдарламалары Университетте қабылданған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережелеріне сәйкес жасалған.

ББ бойынша оқыту ғылым мен тәжірибенің заманауи жетістіктері негізінде, оқытудың озық әдістері мен технологияларын, нақтырақ айтсақ, проблемалық оқыту, сыни ойлауды дамыту әдістері арқылы жүргізіледі. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқыту тренингтерін, іскерлік ойындарды, дискуссияларды, жобалық, топтық жұмыстарды пайдалану кеңінен қолданылады. Сондай-ақ оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, бейне-практикум, оқу материалдарын визуализациялау, практикалық, зертханалық тапсырмаларды орындау үшін интернет мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Айталық, 6В02336-филология, 7М02336-филология білім беру бағдарламасын

меңгеру үдерісінде білім алушылардың бойында модульдік білім беру бағдарламаларында ұсынылған негізгі құзыреттілікке сәйкес коммуникация, жеке тұлға мен мінез-құлықты талдау дағдылары қалыптасады.

Кафедра оқытушылары интерактивті тақталарды, мультимедиялық проекторларды қолдана отырып, кафедра білім алушыларына оқу курстарының презентацияларын өткізеді.

Сондай-ақ, «Е-Универ» ААЖ жүйесінде барлық пәндер бойынша студенттердің білімін ағымдық, аралық бақылау жүргізу кезінде орындайтын шығармашылық тапсырмалар, тест сұрақтары, бағалау критерийлері мен әдістері ұсынылған.

ББ мазмұны білім алушылардың (білімгерлердің) кәсіптікпен қатар тұлғалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Білім беру бағдарламасын (ББ) меңгеру арқылы бітірушілер қажетті құзыреттіліктерге қол жеткізеді.

ББ-да білім алушылардың кәсіптік тәжірибесіне нормативтік талаптар берілген. Негізгі модульдер нарық сұраныстарын, әлемдік ғылымның даму үдерістерін, шетелдік жетекші университеттерде ұқсас білім беру бағдарламаларын іске асыру тәжірибесін талдау негізінде әзірленеді. ББ жыл сайын ғылымның, қоғамның, экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуының заманауи үрдістерін ескере отырып жаңартылады. Біліктілік пен дағдылары, алатын білімдерінің көкейкестілігін сақтауға ықпал ететін пәндердің мазмұны жаңартылады, жаңа модульдер мен курстар енгізіледі.

Барлық пәндер көкейкесті оқу-әдістемелік материалдар – мультимедиялық слайд таныстырылымдармен, бейне-контентпен, өздік жұмыстың инновациялық (жаңашылдық) сипаттағы тапсырмаларымен қамтамасыз етілген.

Кафедра ақпараттарды жүйелі жинау, талдау және басқару негізінде білім алушыларды, қызметкерлерді, серіктестер мен жұмыс берушілерді қатыстыра отырып бағдарламаны тұрақты түрде бағалап, қайта қарап отырады, нәтижесінде бағдарламалар олардың көкейкестілігін қамтамасыз етуге бейімделеді.

Кафедра ББ-ны жетілдіру мақсатында білім беру қызметін тұтынушылармен кері байланыс орнатқан – түлектердің жұмысқа орналасуының мониторингі (бақылау) жүргізіледі, алып жүрген біліміне қанағаттану деңгейін анықтау үшін білім алушылар мен түлектерден сауалнама алынады, түлектерді дайындаудың сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірі сұралады.

ББ-ны жетілдіру және түзету үшін шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу мақсатында кафедра біріккен ғылыми және оқу-әдістемелік конференциялар мен семинарлар өткізеді, білім алушылардың дайындығының сапасы туралы пікір беруді ұсына отырып, білім алушылардың шетелдік кеңес берушілерімен байланыс орнатады, білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу үшін шетелдік серіктестерді жұмысқа тартады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны білім берудің кредиттік технологиясына бағытталған және білім берудің инновациялық (қашықтықтан оқыту, интерактивті т.б.) түрлерін қамтиды, білім алушылардың әртүрлі санатының мүдделерін есепке алады, инклюзивтік білім беруді қамтиды. Университет алынған ақпаратты ұдайы мониторингілеу, жинақтау, талдау және пайдалану негізінде оны тиімді басқарады.

Аккредиттелетін ББ-ның ерекше сипаттамалары төмендегідей:

1. Пәнаралық бағдар – оқу жоспары заманауи ғылыми жетістіктерді синтездейтін (жинақтайтын) пәндерден қалыптасады;

2. Тәжірибеге бағдарлануы. Оқу/өндірістік тәжірибеден өту білім алу мазмұнының жарамдылығын анықтауға, білімнің сұранысы мен білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін сынауға мүмкіндік береді. Тәжірибе барысында оқуды бітіргеннен кейін одан әрі кәсіби қызметін бастау үшін маңызды байланыстар орнатылады.

3. Оқу бағдарламасы ішінде зерттеулерді тереңдетуге бағдарлануы, бұл оқу жоспарына тиісті пәндерді енгізу және білім алушыларды зерттеу жұмыстарына қатыстырудан көрінеді. Осылайша, нәтижесінде бітіруші түлектердің кәсіби құзыреттілігі анықталатын зерттеу жүргізудің теориялық білімі мен практикалық дағдысы арасында байланыс жүзеге асырылады.

Өткізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері практикалық және теориялық маңызы бар, сондықтан магистрлік жұмыстардың тақырыптары шығарушы кафедра оқытушылары шешетін ғылыми-зерттеу міндеттерінің мәселелерімен анықталады.

Жыл сайын түлектерді жұмыспен қамту мәселесіне орай төмендегідей шаралар атқарылады:

- бітіруші түлектерді өндірістік, дипломалды практикаға мамандарды қажет ететін мекемелер мен ұйымдарға жіберу;
- мекеме басшыларымен кездесу ұйымдастыру;
- бос орындар жәрмеңкесін өткізу;
- қалалық және облыстық жұмыспен қамту мекемелерімен тұрақты байланыс орнату, бос орындар туралы ақпараттарды түлектерге хабарлап отыру;
- мекемелерде кафедра филиалдарын ашу.

Аккредиттелетін мамандық оқу процесінде Интернетті пайдалануды, электрондық құралдарды, презентацияларды әзірлеуді, Web-беттерді құруды, тестілерді құрастыру әдіснамасын зерделеуді көздейді. Мәтіндерді, кестелерді, деректер қорын редакциялау және құру, мультимедиялық ресурстарды пайдалану, интернет браузерлерді қолдану дағдылары, қазіргі заманғы ақпараттық ағымдарда бағдарлануы сияқты қазіргі заманғы компьютердің негізгі функциялары мен бағдарламалық қамтамасыз етілуін меңгеру дағдыларының болуы. Қажетті құзыреттер ақпараттық - коммуникациялық технологиялар бойынша сабақтарда қалыптасады.

Студенттер конференцияларын, олимпиадаларды, конкурстарды өткізу студенттер мен магистранттардың өзіндік жұмысын дамытуға, олардың танымдық қызметін жандандыруға ықпал етеді. Оқу үрдісінде студенттердің рейтингтік деңгей дайындығына негізделген студенттердің жеке шығармашылық ойлауын дамыту жүйесі белсенді қолданылады. Кафедра тарапынан білім алушы студенттер мен магистранттарға өз бетімен оқу және зерттеу жұмыстарына жеткілікті мүмкіндіктер берілген.

Аналитикалық бөлім

Бағдарлама Болон үдерісі талаптарына сай жасалған, білім беру нәтижелері құзыреттілік арқылы көрінеді және Дублин дискрипторлары негізінде жобаланған. ББ-ны іске асыруда оны басқаруға жүйелі көзқарас жасалған, бұл ББ-ның мазмұнын қалыптастыруға қатысатын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес білім беру қызметінің сапасын үнемі жақсартуды қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы бағдарлама шеңберінде оқытуды ғылым мен тәжірибенің қазіргі жетістіктері негізінде, сондай-ақ оқытудың заманауи және озық әдістемелерін пайдалана отырып жүргізеді. ББ басшылығы білім алушылардың қағаз (газет, статистикалық деректер жинағы, оқулықтар) және электронды тасымалдаушыларда мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қол жеткізуін қамтамасыз етеді. ББ басшылығы еңбек нарығына талдау жүргізеді және түлектерді жұмысқа орналастырады. Оқытудың мақсаттары, тиісінше, және нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие нақты дағдыларды алуына бағытталған. ОП білім алушылардың өндірістік тәжірибе ретінде теориялық білімді қолданудың практикалық тәжірибесін алуға, практикалаушы мамандардың дәрістері мен семинарларына қатысуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды қамтиды. Кафедра Е.Н.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектебінің директоры Б.Ә.Абдуллаева мен Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының директоры Д.Ж.Әбдрайымовпен Меморандумға қол қойылып, филиалдар ашылған.

Білім беру нәтижелерін бағалауға құзыреттілік көзқарас бітіруші түлектердің бойында жұмысқа тұрғанда, одан әрі де еңбек етуде табысты әлеуметтенуге деген икемділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. ББ-ны іске асыру оның мақсаттарын анықтауға, оларға жету шарттарын бағалау, атқарылған іс-шараларды талдау және қарқынды дамудың жаңа жолдарын іздеудің жоспарлы тәсілдерін қарастырады. Білім беру нәтижелерін тұрақты мониторингілеу, оларды кешенді бағалау ББ-ны тұтастай басқару тәсілдерін уақытылы жетілдіруге негіз болады.

Күшті жақтары:

ББ басшылығы жүргізген оңтайлы жұмыстар нәтижесінде білім алушылар қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электрондық жеткізгіштерде мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қол жеткізген;

ББ білім алушылардың өндірістік практика ретінде теориялық білімді қолданудың нақты практикалық тәжірибесін алуы, практикалаушы мамандардың дәрістері мен семинарларына қатысуы;

Кешенді жұмыстар нәтижесінде түлектердің жұмысқа 100 пайыз орналасуы.

ССК ұсыныстары

ББ басшылығы жүргізген тиімді жұмыстар нәтижесінде білім алушылар қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электрондық жеткізгіштерде мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қол жеткізген

- студенттер мен магистранттарды тарта отырып, түрлі ғылыми салалардың тоғысындағы ғылыми зерттеулер саласын кеңейту;

- оқу үрдісінде үштілділікті дамыту бойынша жұмысты күшейту, соның ішінде жоғары оқу орнында білім алу барысында ағылшын тілін үйренуге жағдай жасау..

Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар бойыша ССК қорытындысы: 3 - күшті, 3 - қанағаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.

(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

ББ сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тетігі ретінде сапаны қамтамасыз етудің бекітілген саясатының болуы.

- Білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашықтық пен қол жетімділік.

- бітірушілерді 100 пайыз жұмысқа орналасуы

- Білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға қатысуы.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты

Университеттегі білім сапасының деңгейін қамтамасыз ету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілген;

Студенттермен, қызметкерлермен және басқа мүдделі тұлғалармен байланыс механизмі орнатылған;

Кадрлық саясаттың объективті және ашық болуы, оның ішінде профессорлық-оқытушылық құрамның баллдық-рейтингтік бағасы, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуын қамтамасыз ететін дамыған КРІ жүйесінің болуы.

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты

- ЖОО-да ББ әзірлеу және бекіту, құжаттандыру рәсімдері дұрыс жолға қойылған;

- теориялық пәндер мен кәсіби практикалардың өзара байланысы

- аккредиттелетін ББ бойынша білім беру процесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу

- авторлық курстар әзірленген.

«Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты

- Білімгерлердің аккредиттелетін ББ-ға қанағаттануының, жоғары мотивациясының болуы.

- Білім алушылардың оқу жүктемесі мен үлгерімін қалыптастыру бойынша әзірленген мониторинг процедураларының болуы.
- Жұмыс берушілердің түлектердің сапасына қанағаттануы.
- Еңбек нарығы мен ғалымдардың ғылыми жетістіктерін ескере отырып, ББ мазмұнын үнемі жаңарту.

«Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты

Оқу жоспарларындағы пәндерді оқытудың тиімділігін, студенттердің оқу жұмысына сәйкес семестр бойынша пәндердің сабақтастығы;

Университет басшылығы білім алушылар үшін жайлы аудиториялық қор ұсынған; оқытушылар мен ғылыми жетекшілердің қолдауымен білім алушылардың өздігінен оқуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған;

Студент білімін бағалауда әр пән бойынша силлабуста бағалау критерийлері айқындалған, кері байланыстың түрлі формалары қарастырылған;

ПОҚ біліктілікті арттыру үдерісіне белсенді қатысады.

«Білім алушылар» стандарты

- Білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау жұмысының жүйелілігі,
- оқуға жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімделу және қолдау бойынша жағдайлардың жасалуы,

- білім алуға қажетті материалдық-техникалық жағдайы мен жоғары кадрлық әлеует;

- студенттердің әлеуметтік жағдайын ескеру, жатақханамен толық қамтамасыз етілуі;

- ББ басшылығы оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларының болуы,

- студенттердің алыс және жақын шетелдерде, Қазақстанда өтетін халықаралық конференцияларға, студенттік ғылыми-зерттеу конкурстарына белсенді қатысуы.

«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты

Кафедрадағы академиялық ұтқырлық жоғары білім сапасын жақсартуға, зерттеудің тиімділігін арттыруға, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнатуға және әлемдік білім беру ресурстарын пайдалануға бағытталған.

Университетке отандық және шетелдік ғалымдарды тарту мақсатындағы жұмыс серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық барысында жүзеге асырылады.

Оқытушылардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға ықпал ететін әлеуметтік қолдаудың кешенді шаралары жасалған.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты

Барлық оқу ғимараттары, студенттік жатақханалар мен университеттің ғылыми-техникалық кітапханасы бірыңғай корпоративтік желіге оптикалық байланыстың көмегімен біріктірілген.

Ақпараттық ресурстар білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкес келеді.

ББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

іске асырылатын білім беру бағдарламасының мақсаты, оқытудан күтілетін нәтижелер айқын;

білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік туралы білімгерлер толық ақпарат ала алады;

оқыту тәсілдері, сондай-ақ бағалау жүйесі (рәсімдері, әдістері мен формалары) айқын;

қоғамды ақпараттандыруда ПОҚ белсенділігі жоғары.

«Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі» стандарты

ББ басшылығы жүргізген тиімді жұмыстар нәтижесінде білім алушылар қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электрондық жеткізгіштерде мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қол жеткізген;

ББ білім алушылардың өндірістік практика ретінде теориялық білімді қолданудың нақты практикалық тәжірибесін алуы, практикалаушы мамандардың дәрістері мен семинарларына қатысуы;

Кешенді жұмыстар нәтижесінде түлектердің жұмысқа 100 пайыз орналасуы.

(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTY БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

- ББ талдауын жүйелі түрде жүргізу, тәуекелдерді талдауды күшейту және стратегиялық даму жоспарын қалыптастыру кезінде оның нәтижелерін ескеру;

- аккредиттелетін ББ бойынша оқытудың баламалы траекторияларын таңдау мүмкіндігін қарастыру.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты

Оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшейтін тетіктерді жетілдіре түсу керек

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша ССК ұсыныстары

білім алушылары үшін кәсіптік сертификаттау саласында дайындық мүмкіндіктерін арттыруға қатысты жұмыстарды арттыру.

«Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты

ББ мониторингі мен мерзімдік бағалау тетіктерін қайта қарастыру қажет. Бұл процестердің нәтижелері ББ тұрақты жетілдіруге бағытталуы тиіс.

«Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты

Білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды қамтамасыз етуі, оларға оқытудың икемді траекторияларын қарастыруы, оқу корпустарында көзі нашар көретіндерге арналған жолақтар жасауы тиіс;

үш тілде оқытылатын көптілді топтарды қалыптастыра отырып, көптілді білім беруді кеңінен енгізу.

«Білім алушылар» стандарты

Кафедрада бірнеше ғылыми жобалар жүзеге асуда, мұндай жобаларға студенттер мен магистранттардың да қатысуына мүмкіндік жасау.

«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты

ПОҚ-тың аудиторияларда заманауи АКТ құралдарын үнемі қолдануына жағдай жасау

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты

Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, бос уақытын ұйымдастыру және білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектердің, жұмыс істейтіндердің, шетелдік білім алушылардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық-техникалық ресурстар мен инфрақұрылымды дамыту.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

Қоғамды ақпараттандыру жұмысына білімгерлерді тарту, еріктілер қозғалысын жандандыру қажет.

Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарты

Студенттер мен магистранттарды тарта отырып, пәнаралық ғылыми зерттеулер саласын кеңейту.

Оқу үрдісінде үштілділікті дамыту бойынша жұмысты күшейту, соның ішінде жоғары оқу орнында білім алу барысында ағылшын тілін үйренуге жағдай жасау.

